

ҚАЗАҚСТАН АҚПАРАТ

1.kz

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

e-mail: akparat-kz@mail.ru

№39 (531)

14 қазан

жұма

2016 жыл

Индекс: 64161

КҮРІШШІЛЕР БИЫЛ ДА РЕКОРДТЫҚ ӨНІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы және Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың 125 жылдығы қарсаңында Қызылорда облысы күріш жинаудан рекордтық көрсеткішке қол жеткізді.

Қазіргі күні әр гектардан **52,8** центнер күріш өнімі алынған. Бұл ретте, гектарына орташа есеппен **54** центнерге жуық күріш жиналады деп күтілуде. Мәселен, Шиелі ауданында күріштің әр гектарынан **59,2** центнерден өнім алынды. Жекелеген шаруашылықтар **70** центнерден жоғары өнім жинауда. «Мағжан и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі **71** центнер өнім алса, «Ақтөбе и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі гектарына **94,5** центнерден жинады.

Рекордтық өнім 3,8 мың га күріш алаңын азайту, тұқым сапасы мен жердің мелиоративтік жай-күйін жақсарту есебінен алынып отыр.

Жылдан-жылға күріш экспортының көлемі ұлғайып келе жатыр. Яғни жылына 50 мың тонна күріш экспортталады.

Ағымдағы жылы Иран нарығына **5** млн. тонна күріш шығару үшін сұранысқа ие ирандық сортты тәжірибелік сынақтан өткізу жұмыстары басталды. Оның бағасы қазақстандық күріштен **5** есе жоғары.

Бүгінде аймақ Мазандаран провинциясына күріш жеткізу үшін алдын ала келісім жасауда.

Д.ҚОЖАЕВА

ӨРТ СӨНДІРУШІ-БАТЫРЛАР ҚҰРМЕТІНЕ СЕНБІЛІК

1997 жылдың наурыз айында Төлеубаев Арман және Әшірбеков Арғын қоймада өрт сөндіру кезінде қайғылы қаза тапты. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза болған өрт сөндірушілер Төлеубаев Арман Куанышбайұлы және Әшірбеков Арғын Қазыбекұлы атындағы көшелер 1998 жылы сәуір айында берілді. Тыныш, жинақты тұрғын үйлер, мектеп, балабақшалар орналасқан аудан өрт сөндіру қызметі саласының тарихына кірді.

Батырлар көшесінде экологиялық сенбілікті Қызылорда облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің қызметкерлері бастамашылары болып табылды. Өрт сөндірушілерге көшені жинау үлкен іс деп санайды. Сол

көшенің тұрғындары түскен жапырақтарды жинауға үлес қосты. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты тұрғындарды қоғамдық-пайдалы жұмыстарға, жас ұрпақтың патриоттық сезімін арттыру болып табылады.

Өрт сөндіру қызметінде Төлеубаев Арман және Әшірбеков Арғынды құрметпен еске алып отырады. Бұл сенбілік қаза тапқан өрт сөндірушілердің құрметіне, енгізілген ірі іс-шараларының бірі.

Санитарлық тазалауға өрт сөндіру қызметінің 55 қызметкері қатысты. Іс-шараға әр қатысушының белсенді қатысуы арқасында көшелер түрлі қоқыс пен қураған жапырақтардан тазартылды.

А.НҰРМАНОВА

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚАЛАДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі К.Көшербаев қаладағы бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады.

Алдымен облыстық көпсалалы балалар ауруханасының құрылыс жұмыстарымен танысты. Құрылысы 2014 жылы басталған көпсалалы балалар ауруханасы биыл пайдалануға берілімек.

Заманауи үлгідегі ауруханада 12 бөлімше жұмыс істейді. Оның ішінде хирургия, аллерголог, уролог, нейротравматолог бөлімдері бар. Құрылыс жұмыстары аяқталған соң жедел-жәрдем мәселелері шешіледі.

Облыс әкімі К.Көшербаев Қызылорда қаласында жаңа

бекеті, көлік жуу алаңы қарастырылған.

Сондай-ақ облыс басшысы қалада Жаппасбай батыр көшесіндегі 580 пәтерлі 12 көпқабатты үйдің құрылысымен танысты. Бұл үйлер «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынып жатыр және жыл аяғына дейін ел игілігіне табысталады.

Содан соң аймақ басшысы К.Көшербаев Талсуат ауылдық округіндегі 300 орындық психоневрологиялық интернатқа барды. Мұнда І және ІІ топтағы мүгедектерге арнайы әлеуметтік көмек көрсетілетін болады. Нысан 8 блоктан тұрады. Онда дәрігерлердің қабылдау, физиоимедеу және денешынықтыру, мәдени-спорттық мақсаттағы сондай-ақ, емдеу-сауықтыру өндірістік шеберханаларына арналған бөлмелер бар.

Д.БАГРАТИОНҚЫЗЫ



6,8 гектар аумақты алып жатқан ғимарат 4 негізгі блоктан тұрады және табиғи газбен, қажет жағдайда сұйық отынмен жұмыс істейтін станция

заман талабына сай салынып жатқан автобус паркінің құрылысымен танысты. Оның жалпы сыйымдылығы 200 автобуска арналған. Автопаркте жанармай

35 ЖАСЫНДА БАЛАЛАР ХИРУРГИЯСЫНАН ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ ҚОРҒАДЫ

Достық үйінде Қазақстандағы балалар хирургиясының негізін салушы, академик Камал Ормантаевтың 80 жылдығына арналған салтанатты шара өтті.



Камал Сәруарұлы Ормантаевтың балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Ол 1953 жылы қызылордалық 13 талапкердің бірі болып Алматыға аттанады. Сол жылы жалғыз өзі студент атанады. Жоғары оқу орнын тәмамдаған соң елімізде балалар хирургиясының қалыптасуына алғашқылардың бірі болып кіріседі. Камал Сәруарұлы 35 жасында балалар хирургиясынан докторлық диссертация қорғады. Бұл — кенестік кезеңдегі сирек кездесетін жайт. Сіңірген мол еңбегі

үшін оған Мемлекеттік сыйлық берілді және «балалар хирургиясының атасы» дәрежесіне көтерілді.

Мерейтой иесін аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев құттықтады.

- «Дәрігердің ауру балаларға деген жан жылуы болмаса, нағыз кәсіби маман бола алмайды», - деген саликалы сөзін Камал Сәруарұлы айтып қана қоймай, оны өзінің ісімен де дәлелдеді. 1996 жылы облыс орталығынан педиатрия факультетінің филиалын ашты. Осы салада жергілікті мамандарды тәрбиелеуге күш салды. Арал балаларына айрықша жағдай жасап, өзі басқарып отырған Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығынан «Экология және балалар» бөлімшесін ашып, ай сайын Қызылорда облысында 30 баланың тегін емделуіне жағдай жасады. 15 жыл ішінде осы бастаманың шарапатын мыңдаған сәби көрді, - дей келе, облыс әкімі мерейтой иесіне зор денсаулық, ұзақ өмір тіледі. Сондай-ақ, аймақ басшысы Ормантаевқа Қызылорда облысының Құрмет грамотасын беріп, автокөліктің кілтін табыстады.

Камал Ормантаевтың құрметіне концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, академик үшін «Атамекен» балалар үйі мен облыстық Ана мен бала орталығына бару, сондай-ақ облыстық медицина орталығында ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастыру және Қармақшы ауданында әріптестерімен кездесу жоспарланған.

Д.АБДУЛПАТТАЕВА

ГАЗЕТКЕ

ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

«Ақпарат.kz» газетіне 2017 жылдың I жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр.

Жазылу бағасы 6 айға 2000 теңге.
Газетке «Казпочта», «Евразия-Пресс
Қызылорда» бөлімшелері арқылы
жазылуға болады.

ҚАЗГИДРОМЕТ ХАБАРЛАЙДЫ

«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда гидрометеорология орталығы хабарлауынша, 14-16 қазанда Қызылорда облысының кей жерлерінде оңтүстік-шығыстан соққан желдің 15-20 м/с дейін күшеюі күтіледі.

Осыған байланысты, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті облыс тұрғындары мен қонақтарына қауіпсіздікті сақтау шараларына баса назар аударуын ескертеді.

Төтенше жағдайлар департаментінің Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

ТӘУЕЛСІЗДІК БҰЛ БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ АМАНАТЫ

Тәуелсіздік — ең алдымен біздің халқымыздың бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні — ең қастерлі күн. Тәуелсіздік біздің халқымыздың басына киілген алтын тәжі, астына орнатылған алтын тағы. Тәуелсіздік — теңдесі жоқ байлық. Тәуелсіздік — халықтың үні. Тәуелсіздік — ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананын мызғымас тірегі, күші, алтын дінгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік — халықтың тойы, елдің тойы. Қалын Қазақ, алты алаш туған күн, мерейтой. Тәуелсіздік — ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Барлық игіліктерден ең ұлы — тәуелсіздік. Сондықтан осы тәуелсіздікті нығайту біздің қасиетті парызымыз.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік - барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Ғасырлар өтсе де, бұл мереке өз мән-мағынасын жоғалтпайды. Осы күні біз өз елімізде егеменді саясат жүргізуге құқылы болдық. Егеменді елдердің қатарына қосылдық. Тәуелсіздіктің арқасында ұлттық мәдениетіміз қайта жаңғырды. Азаттықпен бірге ұлттық рухымыз асқақтады, мәдениетіміз мәңгілік құндылыққа айналды. Ана тіліміз тұғырына қонды. Өз еліміздің, жеріміздің қадірлі иесі болдық. Тәуелсіздік бізге ұлттық мемлекет құруға мүмкіндік берді. Сондықтан біз үшін тәуелсіздік ең ұлы ұлттық құндылық. Тәуелсіздік бұл біздің халқымыздың көптеген буындарының ерен еңбегінің жемісі. Азаттық идеясы әрқашанда біздің намысты халқымыздың санасының негізі болған деп білеміз. Тәуелсіздік алу бұл біз үшін тағдыр шешті оқиға, өйткені өз жерінің, елінің тағдырын құратын халық ол жасампаз халық.

Егемендік, бірлік, халық, ана тілі, Отан біз үшін бір — бірін толықтыратын ұғымдар. Осы ұғымдар біздің ұлттық сана сезіміміздің түп негізі болу керек.

Біз тәуелсіздіктің қадірін терең түсінуіміз керек, өйткені тәуелсіздік біздің және біздің балаларымыздың жарқын болашағын өз қолымызбен құруға мүмкіндік берді. Заманауи әлемде тәуелсіздікке көптеген халықтар қолдарын жеткізе алмай жүр, өйткені тәуелсіздік әрбір халықтан отаншылдықты, ерлікті, қырағылықты, еңбекқорлықты, жоғары интеллектуалдық әлеуетті талап етеді.

Тәуелсіздік бұл бабаларымыздың аманаты. Аманат - біздің қолда. Осы жауапкершілікті сезініп, егемен елдің азаматы деген атқа лайық болуымыз керек. Ерен еңбек етіп, жер қазба байлықтарымызды ұлттандырып, елімізді дамытуымыз керек. Бұл - біздің міндетіміз, бұл - бізге артылған жүк. Тәуелсіздік жолында құрбан болған әр қазақ қарақан басынан күллі жұртты жоғары қойған. Біз де биік ойлай білуге тиіспіз!

Тәуелсіздік біздің алдымызда аса жауапты, абыройлы тарихи міндет қойды ол халқымыздың талаптарына жауап беретін өркениетті мемлекет құру, бұл міндетті біз орындауымыз керек.

Менің ойымша, елімізде бірлікті нығайту үшін біз парламенттің рөлін күшейтіп, Парламентке үкіметті құруға мүмкіндікті беруіміз керек, өйткені біздің елімізде ішкі майдан болмау керек, ал мемлекеттік органдарға биліктен тыс жүрген ақылды азаматтарды тартуымыз керек деп ойлаймын.

Тәуелсіздік күнінде біз желтоқсаншылардың алдына бас июміз керек деп ойлаймын. Біз оларға қарыздармыз. Қайратқа, Ләззатқа, Ерболға қарыздармыз.

Қазіргі жаһандану кезінде өз ұлттық болмысымызды жоғалтпау үшін біз өз ана тілімізді, мәдениетімізді, салт дәстүрлерімізді сақтап оны жас ұрпаққа аманат етуіміз керек деп білемін. Жастарға біздің мәдени және тарихи құндылықтарымызды насихаттап, оларды Отанды және ана тілімізді сүйе үйретуіміз керек деп білемін. Сондықтан тәуелсіздік күнінде біз жастарды тәрбиелеуге көбірек көңіл бөлуіміз керек, тек отаншыл және білімді жастар болашақта біздің тәуелсіз еліміздің туын биік ұстай алады!

Менің ойымша, біз болашақ ұрпаққа дамыған мемлекетті табыстауымыз керек, яғни экономикамызды дамыту үшін, егемендігімізді нығайту үшін біз ерен еңбек етуіміз керек деп білемін. Сондықтан біз ай сайын 30 кәсіпорын, жыл сайын 360 кәсіпорындарды іске қосуымыз керек сонда біздің экономикамыз дамитын болады. Біздің еліміз импортты тауарларды ішкі нарықтан алмастырып көп нәрсе шығаратын болу керек инеден бастап тракторға дейін, киімнен бастап телевизорларға дейін, мұнайдан бастап автокөлікке дейін. Оңтүстік Корея мен Жапония мысалы осылай дамыған, өндіріс саласы дамыған ел ешқашанда тозбайды. Өндіріс экономиканың негізі, өндіріс дамитын болса бүкіл экономика дамитын болады, ал экономика дамыса ел дамитын болады. Экономиканы дамыта алады тек білікті, білімді мамандар. Осындай мамандарды дайындау біздің білім беру саласының міндеті деп есептеймін.

21 ғасыр бұл ерекше ғасыр, бұл ғылыми — техникалық прогресс қарқынды дамып келе жатқан ғасыр, әсіресе ақпараттық технологиялар мен электроника саласы қарқынды дамып жатыр, яғни тек ғылым мен техниканы меңгерген халық қана 21 ғасырда үлкен жетістіктерге жетеді. Сондықтан біз білім мен ғылым саласына ерекше көңіл бөлуіміз керек деп білемін, яғни бұл салаға біз ІЖӨ-нің 7 пайызға тең қаражатты бөлуіміз керек.

21 ғасыр бұл шиеленістер мен қақтығыстарға толы ғасыр яғни осыдан бәрінен сақ болу үшін біз әскерімізді күшейтуіміз керек, яғни әскери техниканы жаңартып сарбаздардың әскери шеберлігін арттыруымыз керек бұл уақыт талабы.

Мен үшін тәуелсіздік пен наурыз егіз ұғымдар. Біздің халқымыздың саяси наурызы 1991 жылы 16 желтоқсанда басталған. Наурыз бұл жанарудың мерекесі, 1991 жылы біздің еліміз де жанарды, тарихымыздың жаңа кезеңі басталды, қазақтың көктемі келді. Наурызда табиғат оянады, 1991 жылы біздің халқымыз оянды. Наурыз үміттерге толы мереке, 1991 жылы біздің де үміттеріміз ақталды біз егеменді ел болдық. Наурызда біздің халқымыз туыстарымен кездеседі, 1991 жылдан бастап біз шетелдегі қандастарымызбен тығыз қарым — қатынастарды орнаттық. Мен ойлаймын осы отандық жастар ұйымдарға біз неге шетелдегі қазақ жастарды тартпаймыз.

Саяси наурызың — тәуелсіздігің мәңгі болсын халқым!

Тәуелсіздіктің әрбір күні наурыз болсын!

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы жақындап келеді.

Р.ДОСЫҚҰЛОВ

СТАНДАРТТАР СЕНІМДІЛІК ТУДЫРАДЫ

Техникалық реттеу және метрология комитеті Қызылорда облысы бойынша Департаменті, «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК Қызылорда филиалы және «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ Қызылорда филиалымен бірлесіп, 14-қазан бүкіләлемдік стандарттау күніне орай «Стандарттар сенімділік тудырады» тақырыбында «дөңгелек үстел» отырысын өткізді.

Кіріспе сөзбен және құттықтаулармен Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысы Ерқанат Кеулімжаев, «Ұлттық сараптау және серификаттау орталығы» АҚ филиалының директоры Ерлан Аманбаев сөйледі.

Стандарттар - бізді мықты тәжірибелермен және берік негізді, сенімді коммуникация мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Барлық мүдделі, жалпы қабылданған шешімдерді ұсына отырып, өзара тиімді сауда операцияларында және халықаралық саудада негізделген ресурстарды тиімді пайдалану үшін стандарттар маңызды болып табылады.

Өнім немесе қызмет халықаралық стандарттардың талаптарына сай, қауіпсіздігі мен үйлесімділігіне, өзінің сапасына сенім тудырады. Біркелкілікті, қажетті сенімділікті, бір тілде сөйлеуімізге, өзара бейбітшілікті қолдауға үлес қосады.

«Дөңгелек үстел» барысында «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК Қызылорда филиалының директоры Гүлназ Шарапат «Техникалық реттеу жүйесінің басым бағыттары» тақырыбында және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің инженерлік-экологиялық факультетінің аға оқытушысы Динара Басқанбаева «Халықаралық стандарттау» тақырыбында баяндама жасады.

Отырыста пікір алмасулар және түскен



сұрақтарға жауаптар берілді.

«Дөңгелек үстел» қорытындысымен стандарттау саласын дамытуға еңбек сіңірген аумақ кәсіпкерлері мақтау қағаздарымен, алғыс хаттармен марапатталды.

Е.КЕУЛІМЖАЕВ,
Департамент басшысы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ТЕХНИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Өзбекстан Премьер-министрінің орынбасары Улугбек Розукулов ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің құрылыс алаңында болып, «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімовпен кездесті.

Улугбек Розукуловтың назарына көрменің және оған іргелес орналасқан архитектуралық ансамблі ұсынылды. Делегация өкілдері осы айдың аяғында халықаралық қатысушы мемлекеттерге ұсынылатын халықаралық павильондарды аралап шықты. Бүгінгі таңда 105 мемлекет пен 17 халықаралық ұйым көрмеге қатысатындығын ресми растады.

«Құрылыстың ауқымы мен сапасы таң қалдырады. Қазірдің өзінде көрменің шын мәнінде сәтті өтетіндігіне күмән жоқ. Өз тарапымыздан, ЭКСПО-2017 аясында Самарқанд пен Бұхараға арнайы туристік турларды ұйымдастыруға дайынбыз», - деді Улугбек Розукулов.

Қазіргі таңда, шетелдік туристер үшін Қазақстанның барлық өңірін қамтитын 73 маршрут әзірленген. Келесі жылы ЭКСПО-2017 көрмесін 5 миллионнан астам келуші болады деп күтілуде.

Басқосу барысында, алдағы ынтымақтастық пен техникалық мәселелерді талқылады.



«Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесіне дайындық және оны өткізу мақсатында 2013 жылғы 15 қаңтарда құрылған. Көрме 2017 жылғы 10 маусымнан бастап 10 қыркүйекті қоса алған аралықта Астана қаласында өткізіледі. Көрмеге 100 елден кем дегенде 10 халықаралық ұйымдар, 10 жетекші инновациялық технологиялар компаниялар қатысады деп жоспарланып отыр.

Жалпы алғанда, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін тамашалауға шамамен 2 миллионнан астам адам келеді және 5 миллион келуші болады деп күтілуде.

Қосымша ақпарат үшін «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Қоғаммен байланыс департаментіне хабарласыңыз.: тел.: +7(7172) 938765, e-mail: pr@expo2017astana.com, www.expo2017astana.com

П.ШАКЕНОВА,
Астана қаласы

Қызылорда облысы әкімдігінің Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық соттың ұйымдастыруымен «Облыс соттарының 2016 жылдың 9 айында сот әділдігін жүзеге асыру барысында атқарған жұмыстары және Ұлт жоспары 100 қадамнан туындаған міндеттер» тақырыбында брифинг өтті.

Шара барысында облыс соттарының 2016 жылдың 9 айында сот әділдігін жүзеге асыру барысында атқарған жұмыстары, сот жүйесіндегі соңғы жаңалықтар, Елбасының 100 нақты қадам «Ұлт Жоспары» аясында атқарылған шаралар, сонымен бірге, алдағы уақытта өткізілетін республика судьяларының кезектен тыс VII съезі туралы айтылды.

қабылданады деп жоспарлануда.

2016 жылдың өткен мерзімінде барлық сот процестері аудио-бейнетіркеу жүйелерін қолдану арқылы жүргізіледі. Электронды сот өндірісін жетілдіру бағытында «Сот кабинеті» сервисі бар. Аталған сервис сот органдарының онлайн-сервистері мен қызметтеріне «бір терезе» қағидасы бойынша қол жеткізуге мүмкіндік береді. 2016 жылы аталған қызмет арқылы да құжаттар 2016 жылдың 9 айында 17887 талап арыз түскен болса, оның 15395 электронды түрде берілді.

Сонымен бірге, «Сотқұжаттарымен танысу» сервисі сот процестеріне қатысушыларға сот істеріне қатысты мәліметтерді, электронды сот құжаттарын қарауға мүмкіндік береді.

баспасөз қызметін үйлестіруші судьялары бекітіліп, бүгінгі күні БАҚ өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарып отырғанын атап көрсетті. Сондай-ақ, үйлестіруші судьялардың қызметімен таныстырды.

Мемлекет басшысының сот жүйесін одан әрі жаңғырту бойынша алға қойған міндеттерін орындау мақсатында Жоғарғы Сот сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Президент Н.Назарбаев Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде сөйлеген сөзінде БАҚ-тың күш-жігері арқылы қоғамда сот билігіне қатысты жағымды және ілтипатты көзқарас қалыптастыру керектігін атап өтті.

қызметі соттар жұмысының өзекті тақырыптары мен резонансты істер бойынша бейнеблог жүргізіп келеді. Осы ретте 15 бейнеблог әзірленіп, бейнехостингтер мен әлеуметтік желілерде орналастырылды. Оларды көрудің жалпы саны шамамен 400 мың ретті құрады.

Сот жүйесін жаңғыртудың негізгі аспектілері туралы екі инфографикалық бейнеролик әзірленіп, танымал интернет-ресурстарға көптеп таратылды. Оларды көрудің жалпы саны шамамен 260 мыңды құрады.

Жоғарғы Соттың интернет-ресурсы белсенді жұмыс істеуде. Оған күн сайын соттар қызметі туралы ең өзекті ақпарат жарияланып отырады. Интернет-ресурстың қызметін орташа есеппен алғанда тәулігіне шама-

БАҚ-пен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіруші-судьялар белсенді жұмыс істеуде. Олар брифингтерді, баспасөз мәжілістерін, «Ашық есік күндерін» ұдайы өткізуде, баспасөз хабарламаларын әзірлеу және уақтылы жіберу, БАҚ-та сөз сөйлеуді ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жүргізуде. Тек 2015 жылдың өзінде ғана БАҚ-та 53 мыңнан астам сөз сөйлеулер мен жарияланымдарды шығару қамтамасыз етілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметімен (бұдан әрі-ОКК) өзара белсенді іс-қимыл орнатылды. Мәселен, 2015 жылы ОКҚ алаңында Жоғарғы Сот судьялары мен заңгерлер қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫ ЖОЛҒА ҚОЙДЫ

Брифингті ашқан алқа төрағасы Бақытжан Қалымбет Ұлт Жоспарының екінші реформасы бойынша соттарға бекітілген 11 қадамды, сонымен бірге, 2016 жылдың 9 айында облыс соттарында қылмыстық істердің қаралу барысы туралы айтып өтті.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыру болып табылатындығы, бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керектігі, осы мақсатта жаңа ақпараттық технологияларды сот жұмысына белсенді енгізген жағдайда диттеген міндетке қол жеткізудің қиын еместігі атап өтілді.

Осы орайда, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдетуге бағытталған бірқатар нәтижелі жұмыстар атқарылуда.

Ал, Ұлт Жоспарының 19 қадамын (Судьялардың есеп беру тәртібін күшейту, судьялардың жаңа этикалық кодексін жасау) іс жүзінде жүзеге асыру үшін биыл республика судьяларының кезектен тыс VII съезі өткізіледі. Аталмыш съезде судьялардың жаңа әдеп кодексі

Есепті кезеңде қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына барлығы 199 қылмыстық іс 243 адам жөнінде түскен, оның ішінде апелляциялық тәртіппен барлығы 210 адам жөніндегі 167 іс қаралған.

Бұдан әрі облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Гүлсім Танатова «Ұлт Жоспарының 19 қадамын іс жүзінде жүзеге асыру үшін биыл республика судьяларының кезектен тыс VII съезі өткізіледі. Аталмыш съезде судьялардың жаңа әдеп кодексі қабылданады деп жоспарлануда» деді. Сонымен бірге, облыс соттарында қаралған азаматтық істерге тоқталды.

2016 жылдың 9 айында аудандық және оған теңестірілген соттарының өндірісіне 17 885 талап арыз (арыз, шағым), 255 іс түскен. Оның ішінде 15395 электронды түрде берілді.

Сонымен қатар, брифингте облыстық соттың судьясы, баспасөз қызметін үйлестіруші Артур Наримов Қазақстан Республикасы соттарының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл тұжырымдамасымен таныстырды. Ол судья координаторлар туралы бекітілген Ережеге сәйкес Қызылорда облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттарда

Осы міндет «100 нақты қадам-баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт Жоспарын іске асыруға байланысты айрықша өзектілікке ие болып отыр. Аталған бағдарламалық құжатқа сәйкес 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақстандық соттар жаңа үшбуынды жүйе жағдайында жұмыс істеуде, судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар арттырылды, судьяларды даярлау мен іріктеу жүйесі күшейтілді, сот процестерін өткізу кезінде аудио, бейнетіркеуді қолдану жүйесі жетілдірілді, қолданыстағы заңнамаға сот ісін жүргізуді жеңілдету жөнінде өзгерістер енгізілді және тағы да басқа бірқатар шаралар қабылданды. Тұтастай алғанда, Ұлт Жоспарына сәйкес судьялар корпусының алдына сот төрелігінің сапасын және тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыру жөнінде бірқатар міндеттер қойылды.

Жоғарғы Сот Ұлт Жоспарында белгіленген басымдықтарды ескере отырып, сот жүйесінің қызметін ақпараттық жария ету мақсатында БАҚ-пен өзара іс-қимыл бойынша жүйелі жұмысты жолға қойды. Осы ретте жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға айрықша көңіл бөлінуде.

Жоғарғы Соттың Баспасөз

мен 4,5 мың дербес қолданушы тұтынады. 2015 жылы сайтты қолдану көрсеткіші 2014 жылмен салыстырғанда орташа есеппен екі есеге артты. 2014 және 2015 жылдардағы «Казконтент» АҚ-ның рейтингісінің қорытындысы бойынша Жоғарғы Соттың ресми интернет-ресурсы барлық орталық мемлекеттік органдардың веб-сайттары арасында бірінші орынды иеленді.

Танымал әлеуметтік желілерде соттардың дербес парақшалары (аккаунттары) ашылып, тұрақты түрде жұмыс істеуде. Оларда сот органдарының қызметі туралы барлық жаңалықтар мен бейнематериалдар жариялануда. Азаматтардың сот ақпаратына кеңінен қол жеткізуіне жоғары сот органы интернет-ресурсының «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервистерінің тиімді қызмет етуі де өз ықпалын тигізіп отыр.

Жалпы, отандық және шетелдік сарапшылардың бағалауынша, республиканың судьялар корпусы жоғары деңгейдегі ашықтық пен айқындылықты көрсетіп отыр. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сот процестерін өткізу кезінде БАҚ өкілдерінің сот залдарына кіруі қамтамасыз етіледі. Барлық облыстық және оған теңестірілген соттарда баспасөз қызметтері, сондай-ақ

сот-құқық жүйесін реформалаудың негізгі мәселелері туралы 7 брифинг пен баспасөз мәжілісі өткізілді.

Сот органдары меншік нысанына қарамастан барлық БАҚ редакцияларымен өзара тиімді диалог орнатты. Телевизиялық бағдарламаларды, деректі фильмдерді, аудио және бейнероликтерді, ток-шоуларды, ақпараттық-жаңалықтық сюжеттер мен мақалаларды әзірлеу бойынша бірлескен жобалар жүзеге асырылды. Осындай жобалардың қатарында «Хабар» агенттігі, АҚ-мен бірлесіп, қазақстандық соттардың дамуы туралы «Сот төрелігі»- «Правосудие» тележобасы сәтті іске асырылды. «Zakon.kz», «Қазақпарат», «Vnews.kz», «Tengrinews.kz», «Информбюро» ақпараттық агенттіктерімен ынтымақтастық негізінде сот-құқық тақырыбындағы маңызды материалдарды жедел орналастыру бойынша жұмыс жүргізілуде, «Қазақстан» мен «КТК» телеарналарымен бірлесіп, «Қылмыс пен жаза» және «Черный квадрат» тележобалары белсенді түрде іске асырылуда. Оларда қоғамда айрықша резонанс тудырған сот процестері көрсетілетініне тоқталды.

Шара соңында спикерлер БАҚ өкілдерінің қойған сұрақтарына жауап берді.

А.Д.СМАҒАМБЕТОВ.



ТАҒАЙЫНДАУ

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 04.10.2016 жылғы бұйрығымен әділет кеңесшісі Еламанов Жасұлан Бекмырзаұлы Жамбыл облысы Тараз қаласы прокуроры қызметінен босатылып, Қызылорда облысы прокурорының орынбасары қызметіне тағайындалды.

Б.СЕЙІЛ

АБАЙ БОЛАЙЫҚШЫ

Бірде қуыстау жерде жағалай біткен талдар арасымен жау жүргіншілер жолымен саф ауаны сіміре жұтып келе жатқанмын. Кенет апыр-топыр он-солымнан қабаттаса жүгіріп, басып озған мектеп жасындағы балаларды көрдім. Мектептен қайтқандар шығар бірін-бірі қуалап жүгіріскен деп онша мән бермедім. Өз ауаныммен жүріп келем.

Талдың тасалау жерінде жағаласқан, боктасқан балалар. Жақындағанша болған жоқ бірнеше бала қашып үлгірді. Біреуі ғана ұсталып қалғаны сол-жерге жығып алып бірнешеуі тепкілесін-ай кеп. Қалбалақтап ұмтылдымда:-Қойындар, не болған сендерге, ей, қойсандаршы деймін мағанда біреуінің жұдырығы тиіп кете ма деп қауіппен. Сөйткенше болған жоқ жас келіншек тағы еркек мойнында галстугі бар арашаға түстікте кеттік. Ана еркек қанша айтқанмен жас қой күші бар бірін олай, бірін бұлай лақтырып жіберді. Әлгі жас келіншек айқайға басты. Жерде бет-аузы қан-қан ес-түссіз біреу сұлап жатыр. Арашашыл жігіт шамасы қызметкер-ау тез «Жедел жәрдемге» жүгінді. Ұзаққырап үстін қақыштап кете барды. Бірнеше «Боран» үй-үйлердің арасын аралап

қашқындарды қуа жөнелді. Жаңағы соққыға жығылғанды «Жедел жәрдем» алып кетті. Тұла бойымыз тітіркеніп бізде жөнімізге тарастық.

Ешкімді де танымаймын, арғы жағы не болғанын қайдам, кейін естігенім билығы мектеп бітірушіні алдыңғы бітірушілер солай төбелеске шақырған көрінеді. Не жетпегенін қайдам?

Сонғы кезде бар ғой теледидардан көрсететін әнәбір «112 хабарын» көруге қорқамын. Еститінің толып жатқан жамандық. Оның үстіне биылғы Ақтөбе мен Алматы оқиғалары мені әбден зәрезап қылды. Террористік әрекетті ұйымдастырушылар әлеуметтік желіден-ақ құрамын жасақтап алады. Оп-оңай сияқты. Өйткені телефонға үнілмей отырған жастарды кездестіру қиындап барады. Олар не көріп отыр оны бақылауға ата-ананыңда, мектеп, оқу орнының да дәрмені жетпейді. Қаттырақ айтса баласын екі қарыс жіпке асылатындай не басы ауған жакқа қанғып кететіндей не ағын суға тұншығып өлетіндей көреді де отырады. Сол телефонға үнілгендердің тіпті жүйке-жүйесі өте әлсіз. Бір ауыз сөзге зілмандай жауап қайтарады. Қаншалықты

рас, өтіргін білмедім ауылдық жердегі үйлерде есірткі егетіндер бар көрінеді. Қазір көлік табу деген әңгіме емес, бірнеше бала қыдырып барған болып шегетінін шегіп, қажеттісін базарлыққа әкелуде мүмкін. Қару-жаракты қолдан-ақ жасап алады. Ұрлық, қарлық, зорлау деген не пәле, өршіп барады. Анасына, әкесіне, туған бауырына, әйел-баласына қиянат жасау үйреншікті әдетке айналды. Беттері шімірікпейді.

Мына бір оқиғаны кезінде таразылай алмадық. Негізі дұрыс шығар. Өз қызына барған інісі сотталады. Жылын өтеп ауылға келгенде ағасы:-Тегіме кір келтірдің, көзіме көрінбе,- деп қуып жіберген. Жұрт емеспа-бірі олай түзеді, бірі былай түзеді. Көпшілігі бауыры емес па деп ағасын кінәлады.

Атасы келініне барды,- деген қауесетті естігенде-аяғына тас байлап, құздан құлатқан Құнанбай дәуірінің қаталдығы керек па өзі, түсіне алмаймын.

Қалай десек те лезде ғана таң атып, лезде ғана бататын мына бір өткінші уақытқа заң жүзінде өзгеріс керек. Әлеуметтік желілерге не болса соны жазу біреуді ғайбаттау көбейіп кетті. Дұшпан қайда-баксаң аяқ астында болып барады. Абай болайықшы ағайын!

Б.ОСПАНҰЛЫ



Қазақстан ұстаздарына Қымбатты мұғалімдер!

Қымбатты ұстаздар - Маған Сіздерді шын жүректен шыққан лебізбен халықаралық мереке - Мұғалімдер мерекесімен құттықтауға рұқсат етіңіздер, Сіздерге зор құрмет көрсетіп, игі тілектер тілеймін. Біз барлығымыз жас мөлшеріне қарамай, Сіздердің кәсіби мерекелеріңізге қатысымыз бар екендігін сеземіз. Әр адамда, өзінің өмірлік жолын, салт-санасын және дүние танымын қалыптастыру барысында қайырымды кеңеспен, даналығымен, өздерінің сүйікті ісімен айналысатын ұстаз жетекшілері бар.

Бұл өмірде әр адам - қайда жұмыс істесе де, қандай мамандықтың иесі болса да, қандай лауазым иесі болса да - өздерін тәрбиелеп оқытқан, дербес өмір жолын ашқан - жетекші ұстаздарының алдында өздерінің борышты екендігін ұмытпайды деп ойлаймын.

Қымбатты ұстаздар, Сіздердің осы жүгі ауыр және ғанибеті мол еңбектеріңіз, өздеріңізді осы ұлы еңбек жолына бағыттағандарыңыз, бізді өздеріңіздің жүрек жылуларыңызбен қамтып, жақсылық пен қайырымдылықтың үлгісі бола білгендеріңіз еш күмәнсіз ең биік баға мен зор алғысқа лайықты.

Біз тәуелсіздігімізді алғаннан кейін, алдымызға ең биік мақсат қойдық, ол, демократиялық мемлекет, гүлденген қоғам құрып және дамыған елдер қатарына

қосылу болды. Бірақ, өз-өзімізге есеп беруіміз керек, осы ұлы бағытты орындауға қабілетті жаңа ұрпақты қалыптастырмай, жоғарыда қойылған мақсаттан күткен нәтижені алу қиын.

Осыған байланысты біздің халқымыз сіздердің бүгінгі күнге сай келетін әдістемелік құралдар, оқу бағдарламаларын құрастырудағы, ең бастысы — біздің балаларымыз жүрегімен ұғынып, көңіліне қондыратын бүгінгі күн талабына сай тәрбие мен білім берудегі шексіз сіңірген еңбектеріңізді өте жақсы біледі және жоғары бағалайды. Мен Сіздердің алдарыңызда, біздің болашағымызды анықтайтын абзал да ұлы іске үлес қосқандарыңызға зор алғысымды білдіріп, бас иемін.

Миллиондаған біздің балаларымыз мектептерде, жоғарғы оқу орындарында білім және тәрбие алуда, олар өмірде өз жолын табатын, мемлекетіміздің күшеюіне өз үлестерін қосатын заман талабына сай мамандықтар алуда. Меніңше, ата-аналар мен мұғалімдер үшін үлкен бақыт — өсіп келе жатқан ұл-қыздарымыздың білім шырдарын бағындырып, шеттілдерін меңгеріп, заман талабына сай мамандық алып, өз Отанына берілген және оны қорғай білетін, біздің бастаған абзал істерімізді жалғастырушы ұрпақты көру — деп айтсам артық болмас еді.

Барлығымызға белгілі жай, біз өмір сүріп жатқан 21 ғасыр жылдамдатылған жаһандану

кезені шешуші мағына беретін заман, зияткерлік потенциал, ғаламтор және информациялық - коммуникациялық технологиялар, әлемдік нарықтағы бәсекелестіктің қаталдығы әр мемлекеттің және әр халықтың алдына маңызды және көкейкесті талаптар қоятын заман. Бүгінгі күнде біз барлығымыз осы уақыт талабына байланысты барлық күш - жігерімізді және мүмкіндігімізді жаңа қойылып отырған шарттарға сәйкестендіріп жұмылдырмасақ - әлемдік даму көшінің соңында қалып

қайта қарастырып, кәсіби — техникалық оқу орындарын бітіріп шыққан мамандар жеке кәсіпкерлікте және орта бизнесіте өз орындарында қалыптасқан мамандығы бойынша қызмет етуі тек қана оқу орындарының басшыларының алдында тұрған міндет емес, біздің де міндетіміз. Біз бұл маңызды және өзекті міндеттердің шешімі және оларды іске асыру ең адымен жоғарғы оқу орындарындағы профессорлық — оқытушы құрамнан және олардың ғылыми педагогикалық потенциалына байланысты екені

ҰСТАЗЫМ МЕН ҰСТАЗЫМ

қоюымыз мүмкін. Қазіргі уақыт талабы қол жеткен жетістіктерде тоқтамай, нық басқан қадаммен бұдан да үлкен жетістіктерге қол жеткізу және осы жолда білім мен тәжірибені молайтып, кәсіби біліктілікті жоғарлату болып табылады.

Бұл жоспарды орындау барысында жалпы білім беретін оқу орындарының деңгейін қазіргі заман стандарттарына жеткізу үшін, олардың материалдық-техникалық базасын жаңарту қажет, педагогикалық университеттер мен институттардағы оқу үдерісінің бағасының төмендігі, осыларды жоғары критерилер негізінде ұйымдастыру, білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану, бір сөзбен айтқанда педагогикалық кадрлардың жаңа ұрпағын қалыптастыру. Білімін, біліктілігін жоғарылатып жаңалыққа деген көзқарасын әрқашан толықтырып отыратын мұғалімдер мен жетекшілер ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаларды тәрбиелей алады.

Сонымен қатар кәсіби — техникалық оқу орындарының жүйесінің қызметін ұйымдастыру — тәжірибелік және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіп, бар мамандықтарды

белгілі.

Сонымен қатар, педагогикалық кадрларды даярлап және олардың біліктілігін арттыру үшін, олардың материалдық — техникалық базасына ақша бөлу қажет.

Осыған байланысты әлемнің ең беделді университеттерімен қарым — қатынасты нығайту, шетел мамандары қатысатын форумдар мен конференциялар өткізу, тәжірибе алмасу біздің жоғарғы оқу орындарындағы оқытушылардың білімі мен біліктілігін арттыруға көмектеседі.

Барлығымызға белгілі идеологиялық және тәрбиелік салада бос кеңістіктің болмай-тыны белгілі. Егер біз осы салада шамалы қателік жіберсек, ол бос кеңістікті біздің менталитетімізге және рухымызға жат күштер қамтуы мүмкін. Қазіргі уақытта әлемде білімді де білікті жас ұрпаққа деген талас қарқынды жүруде, әр түрлі орталықтар осыған мол қаржы мен күштерін жұмсауда және әлемдік көзқарасы қалыптаспаған біздің жас ұрпақты, біздің қоғамымызға келмейтін идеялармен көзқарастарға баулып және өздерінің жүйелеріне тартып алып кетуіне жол бермеуіміз керек. Осыған байланысты біздің міндетіміз халқымыздың бейбіт те жайлы өміріне осында кері бағыттағы

нәрселерді енгізбеу, біздің балаларымызға халықаралық терроризм, экстремизм тағы әр түрлі формадағы (жаппай мәдениеттерден) келешек жас ұрпағымызды қорғап, қадағалап және осындай жаман пиғылдарға қарсы тәрбиелеуіміз керек. Бұл өз кезегінде білім беру орындарымен ата-аналардың, жастардың, әйелдер ұжымдарының, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қарым-қатынастарын нығайтуды талап етеді. Бұл үшін қымбатты ұстаздар алдағы уақытта да өздеріңіздің күш-жігерлеріңізді аямай салатындарыңызға кәміл сенемін.

Бір сөзбен айтқанда біздің негізгі міндетіміз келешек жас ұрпақты біліммен ғана қамтамасыз етіп қоймай, ең алдымен оларды ішкі жан дүниесі кең тұлға ретінде тәрбиелеп, әлемдегі құбылыстарды дұрыс бағалай алатын, өз отанына деген сүйіспеншілігі мол, егеменді Қазақстан азаматына лайықты жас буынды тәрбиелеу біздің борышымыз деп білемін.

Осы маңызды міндетті терең ұғынып, өз істеріне берілген, оны іске асыру жолында қажырлы еңбек ететін педагог, ұстаз және жетекшілеріміздің барлығы, біздің болашағымызға деген сенімділікті молайта түсетіні сөзсіз.

Осыны айта келе: Осы тәуелсіздік жылдарында өздерінің адал да қажырлы еңбектері үшін, басқаға үлгі бола білетіндей, мемлекеттік наградалардың иегерлері осы мұғалімдер, ұстаздар, жетекшілер екенін атап өткім келеді, бұл, құрметті педагогтар сіздерге деген үлкен құрмет пен сыйластықтың белгісі деп ойлаймын.

Сіздердің еңбектеріңізді дұрыс бағалап және ынталандыру үшін, осы маңызды жұмыстың тағы да жоғары нәтижелеріне жетуге, сіздердің жағдайларыңызды жақсарту керек, үкімет осы білім саласына үлкен көңіл бөлу керек деп ойлаймын.

Сіздердің осы асыл да ұлы қызметтеріңізге үлкен жетістіктер тілеймін, құрметті менің ҰСТАЗДАРЫМ!!!

ДОСЫМҚҰЛОВ
Рүстем Аліұлы,
Астана қаласы

АТАУЛЫ КЕЗЕҢ

1594-Венеция қаласындағы Кейінгі Қайта Өрлеу дәуірінің аса көрнекті суретшісі Якопо Тинторетто /өз фамилиясы-Робусто/ қайтыс болды.

1891-Ұлы Сібір темір жолының /Транссібір магистралі/ алғашқы рельсі төселді. Мәскеуден Владивостокқа дейін тартылған сол жол әлі жұмыс істеп тұр.

1918-Австро-Венгрия одағы ыдырағаннан кейін чехтар мен словактардың саяси одағы құрылатыны жарияланды, сол жылдың қазан айында тәуелсіз Чехословак республикасы құрылды.

1941-грек патриоттары Манолис Глезос пен Апостолос Сантос неміс фашистерінің Афинадағы Акропольға қадаған туын жұлып тастады.

1945-АҚШ-тың жаңа президенті Герри Трумэн құпия кеңес шақырып, жасалуға жақын қалған атом бомбысын қалай пайдалану мәселесін талқылады.

Бомбының жайын одақтастардың өзіне де хабарламау, оны қалайда жару жөнінде шешім қабылданды.

1970-Перудің теріскей бетінде қатты жер сілкініп, 50 мың адамның өмірі қиылды.

1996-Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңы қабылданды.

1804-Россияның Грузияны, Әзербайжанның бір бөлігін өз құрамына қосып алғанына назаланған Иран орыс әскерін Кавказдан алып кетуді үзілді-кесілді талап етті. Талап, әрине, орындалған жоқ. Артынша орыс-иран соғысы /1804-1813/ басталды.

1929-Қазақстан Үкіметі Алматыға көшіп келді.

1804-орыстың аса көрнекті композиторы Михаил Иванович Глинка дүниеге келді. Глинканың «Патриоттық әні» кезінде Ресей Федерациясының

Мемлекеттік гимні болған.

1920-Қазақстанның басшы шаруашылық органы-Бүкілроссиялық халық шаруашылығы Қырғыз /Қазақ/ өнеркәсіп бюросы құрылды.

1921-кеңестік кезеңдегі тұңғыш ұйғыр газеті- «Кәмбәғаллар авазы» жарыққа шықты. Ташкентте басылған.

1946-Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылды.

1962-СССР-де азық-түлік өнімдері /ет, сүт, май, жұмыртқа, тағы басқа/ 25-30 пайызға қымбаттатылды. Халықтың Н.С.Хрущевке деген іштей наразылығы күшейе түсті.

1842-орыстың ұлы жазушысы Н.В.Гогольдің «Өлі жандар» поэмасының бірінші кітабы жарыққа шықты.

1897-жыр алыбы Жамбыл мен «сөзінің арасына қыл сыймаған» Құлан аян Құлмамбеттің айтысы өтті. Айтыс өнерінің ең үздік үлгілерінің бірі.

1916-талай жылдар бойы АҚШ-тың

сыртқы саясатында белсенділік танытқан көрнекті мемлекет қайраткері Роберт Стрейндж Макнамара дүниеге келді.

1937-қазақтың тамаша жазушысы, публицист Саттар Ерубәев қайтыс болды.

1989-Ирандағы ислам революциясының көсемі Аятолла Хомейни қайтыс болды. 28 шілдеде Иран президенті болып 55 жастағы Парламент төрағасы Әли Әкбар Хашеми-Рафсанджани сайланды.

1878-Россияға қарсы тізе біріктірген Англия мен Түркия өзара одақтастық құру туралы Кипр конвенциясына қол қойды. Россиямен соғыста көмектесеміз деген уәдесі үшін Түркия Кипр аралын Англияға берді.

1992-Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтанбасын, Туын және Гимннің /Әнұранның/ музыкалық редакциясын бекіту туралы жарлықтарға қол қойды.

1898-испанның тамаша ақыны Федерико Гарсия Лорка дүниеге келді. 1936 жылы фашистердің қолынан қаза тапқан.

ЖҰМА БЕТІ

Баланың ата-анасында болған ақылары қандай?

Біршамасы мыналар:

1) Болашақта бала анасымен жамандалмауы үшін, балаға ана болатын қызды жақсы жерден таңдау керек. Салиха қыз болуына үлкен мән беру керек!

2) Балаға жақсы есім қою керек! Хадис шәрифте: «Балаға жақсы есім қою-перзенттің әкесіндегі ақыларынан» делінген.

ата-аналарыңның сендерде ақысы болғанындай, балаларыңның да сендерде ақысы бар»

7) Балаларды халал азықпен қоректендіру керек! Харам азықтың әсері баланың табиғатын бұзады, балада бұзық әрекеттердің пайда болуына себеп болады. Хадис шәрифте: «Жеп ішкендерің халал, таза болсын! Балаларың осылардан қалыптасады.» - деп бұйырылған.

8) Әкенің баласына ілім, әдеп және кәсіп үйретуі парыз. Алдымен Құран кәрім оқуды үйрету керек. Кейін иманның және

және Раббына ғибадат еткен адам бақытқа жеткендерден.»

13) Балаға орындай алмайтын нәрселерін бұйырмау керек. Мұндай әмірлер айтып баланы бағынбаушылыққа итермелемеу керек. Бір салих кісі ұлынан ешнәрсе сұрамайтын. Себебі сұралғанда: «Бір нәрсені орындауын талап еткен кезімде, ұлымның маған қарсы шығуынан қорқамын. Қарсы келетін болса, жаһаннамға лайық болады. Ал мен ұлымның тозақ отында жануына разы бола алмаймын.» - деген екен. Хадис шәрифте:

Сонда балаларға кіші жасында дінді үйрету керек емес пе?

Жаратылыстану білімдері діни білімдерден бөлек емес. Жаратылыстану білімдері онсызда Ислам ілімдерінің бір тармағы. Ислам ілімдерін үйренген адам жаратылыстану білімдерін де үйренеді. Әр мұсылман, бала-шағасына және қол астындағыларға дінін үйретуге жауапты. Бір хадис шәрифте былай делінген:

«Барлығың бір үйірдің бағушысы секілдісіңдер. Бағушы үйірін қорғағаны секілді сендер де үйлеріңдегі және қол

АТА-АНАНЫҢ БАЛА АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ


Ахмед, Мұхаммед, Махмуд сияқты сүйікті пайғамбарымыздың есімдерін қою керек. Аллаһу та'ала: «Сүйіктімнің есімінде болған мұсылманға азап беруге ұяламын» - деп бұйырған. Пайғамбарымыз да: «Үш ұлы бола тұра, біріне менің есімімді бермеген адам надандық еткен болады» - деген.

3) Балаға жақсы тәрбие беру керек! Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Балаға жақсы тәрбие беру, баланың әкесіндегі ақыларынан.»

«Балаларыңа игілік етіңдер, оларды әдепті, тәрбиелі етіп өсіріңдер!»

«Баланы тәрбиелеу, немерелерге садақа беруден де асқан сауап.»



4) Балаға мейірімді мәміле жасау керек! Сүйікті пайғамбарымыз немересін сүйген кезде, біреу көріп: «Йа Расулаллаһ! Менің он бала-шағам бар. Бірақ ешбірін сүймеймін.» - деді. Оған: «Мейірімділік етпеген, мейірімділік көре алмайды» - деп жауап берді.

Хадис шәрифтерде былай делінеді: «Балаларыңды көп сүйіндер, әр сүйгендеріңде жәннаттағы дәрежелерің өседі.»

«Баланың иісі — жәннат иісі.»

5) Балаларға бетдұға (қарғыс) айтпау керек. Хазіреті Ибн Мүбәрәк баласынан шағымданып келген адамға «Балана бетдұға еттің бе?» - деп сұрайды. «Иә» деп жауап бергенінде «Онда баланың мінезін сен бұздың!» - дейді.

6) Бала-шағаға жақсылық ету керек! Хадис шәрифте былай бұйырылған:

«Бала-шағаларыңа игілік етіңдер,

исламның шарттарын үйрету керек. Жеті жасынан бастап намаз оқуға әдеттендіру керек. Дүниеде және ахыретте құтылу ілім арқылы жүзеге асады. Балаға дін ілімдерін үйреткеннен кейін оқуға жіберу керек, колледж және университет оқыту керек. Дінін үйренбестен мектепке жіберілсе, бұларды үйрену үшін бос уақыт таба алмайды. Дін дұшпандарының тұзақтарына түсіп, олардың жалғандарына алданады. Дінсіз және ислами әдептен махрұм болып жетіледі. Дүние мен ахыретте пәлекетке душар болады. Елге зиянды болады. Өзіне және басқаларға жасаған жаманшылықтарының күнәсі, ата-анасына да жазылады. Баласына дін ілімдерін үйретпей тұрып көпір және христиан мектептеріне жіберудің зияндарының үлкендігі Иршад-ул хира кітабында баяндалған.

9) Бала балиғат жасына келіп, ес тиып, үйленгеннен кейін оған былай деу керек:

«Балам, саған тәрбие бердім. Оқыттым, үйлендірдім. Дүниеде пәлекетке ұрынбауың үшін, ал ақыретте азапқа ұшырамауың үшін Аллаһу тағалаға сиынамын. Есіңді жиып, осы айтқандарым бойынша өміріңді ретте!»

10) Хазіреті Ахнеф бин Каис айтады:

«Бала-шаға үшін қиыншылықтарға төзу керек, олардың аяғының астына жұмсақ жер, бастарының үстіне көлеңке болуымыз керек! Оларға қатал болмайық, бізден алыстамасын. Бізден жалығып өлімімізді күтпесін. Дұрыс қалауларын орындап, ашулы, өкпелі кездерінде жұбатуға тырысуымыз керек!»

11) Балалар арасында әділеттілікке мән беру керек. Хадис шәрифте былай делінген:

«Сыйлық беретін кезде балаларыңның арасында теңдікке мән беріндер!»

12) Хазіреті Фудайл бин Ияд былай деген:

«Ата-анасына жақсылық еткен, туысқандарымен араласып тұрған, дін бауырымен сыйласып, көмекші болған, бала-шағасымен, қызметшілерімен жақсы қарым-қатынаста болған, дінін қорғаған, мал-мүлкін жақсы жерлерге жұмсаған, тілін тиып, көздерін харамдардан сақтаған, орынсыз істерден бойын аулақ ұстаған

«Бақытты болудың белгілері мыналар: Салиха жар, айтқаныңа бағынатын бала-шаға, салих, адал дос.» - делінген.

Перзенттің де ақысы бар:

Бір адам хазіреті Омарға келіп, ұлынан шағымданады. Хазіреті Омар бұл кісінің баласына айтады:

— Иманнан кейінгі бірінші міндетіміз ата-анамызды ренжітпеу. Олар қаншалықты жаман болса да, бүкіл нәрседен жоғары тұратын ақылары бар. Оларды ренжіткен адамның ғибадаттары қабыл болмайды. Мұсылман болып туылуымызға және мұсылман болып жетілуімізге себеп болған ата-анамызды ренжітсек жәннатқа қалай кіреміз? Олар бізді ұрысса да, жалынып олардың көңілдерін аулауымыз керек. Мұсылман ата-анамыз бізден разы болмағанша, Аллаһу тағаланың сүйікті құлы болу өте қиын.

— Йа Амир-ул муминин! Айтқандарыңды толығымен қабыл етемін. Бірақ баланың ата-анасында ешқандай ақысы жоқ па?

— Иә, баланың да ақысы бар. Үйленетін кезде баласына қызды немесе әйелді жақсы жанұядан таңдауы, баласына жақсы есім қоюы және дінін үйретуі керек.

Бала хазіреті Омарға былай деп жауап берді:

— Әкем маған ешқандай тәрбие бермеді. Ал анам, кара нәсілді мәжусидің (отқа табынушының) қызы еді. Есімімді «Қарақоңыз» деп қойған. Аллаһу тағаланың кітабынан бір әріп те үйретпеді. Өкінішке орай, дінім жайында еш нәрсе білмеймін.

Сонда хазіреті Омар баланың әкесіне қарап:

— Маған келіп ұлыңнан шағымданып жатсын. Ал негізінде сен оның ақысын жеген екенсің. Ол саған жамандық етуден бұрын, сен өзін оған жамандық еткен екенсің,-дейді.

Кейбір адамдар: «Бала діни сабақтарды тек қана мектеп бітіргеннен кейін, тіпті университеттен кейін үйренуі керек. Одан бұрын үйренетін болса, ақылы айнып кетеді. Жаратылыстану білімдерін үйренуі және оған сенуі қиын болады.» - дейді.

дүниесі ол адамның берекесін қашырады. Ал ахыретіне қарап таңдаған адам өмір бойы бақытты болады. Өйткені иманы күшті болған адам сабырлы және батыл болады, айналасындағы оқиғалардан көп әсерлене бермейді. Дүниелік нәрселердің бар не жоқ болуы, дүние-мүлкінің көбеюі немесе азаюы оған кері ықпал етпейді. Ондайлар барлық істерінде Аллаһу тағаланың жәрдеміне сүйенеді. Қол жеткізе алмаған нәрселері жайлы «Аллаһтың қалауы осы» деп артықша депрессияға түсіп отырмайды. Осындай иманнан махрұм болғандардың әр сәтсіздікте, әр қайғының астында езілулері, қиыншылықтарды көтере алмай ажырасып, кісі өлтіріп немесе өз өміріне қол жұмсап жатқандары күнде ақпарат құралдарында айтылып жатады.

Дүниелік нәрселердің барлығы өткінші. Оған қоса, кімнің басына не келетіні де белгісіз. Сол үшін көңілімізді Раббымызға бұрайық, Оның разылығын іздейік. Таңдауларымыздың өлшемі дін, иман, мінез-құлық және ахырет болсын. Өйткені өлшемнің басқа түрлерінің барлығы алдамшы және өткінші болып табылады. Олардың ешқайсысы мәңгі қалмайды, тек аманатқа берілген нәрселер. Бүгін бар, ертең жоқ. Ал иман мен көркем мінез болса, шынайы нәрселер, ешқашан бітпейді. Осы құндылықтарға ие болған күйеу жігіт пен келін және әке мен шешенің бақытқа кенелері хақ.

ОТБАСЫ ҒИМАРАТЫНЫҢ НЕГІЗІ

Өмірлік жар таңдау кезінде ең әуелі діндарлығына қарау керек. Яғни салих еркек немесе салиха қызды таңдау — бұл өмір бақытына да, ахырет бақытына да қауышу үшін үлкен ниғмет болып табылады. Бұл отбасы атты ғимарат осындай ниетпен, осындай ықыласпен, осындай негізбен қаланбаса, ол ғимарат шіріп, қирауға бейім болады.

Жарын сұлулығына бола алған адам, оның сұлулығынан мақрұм қалады. Байлығы үшін алған адамның ол байлық басына бөле болады. Мінез-құлқымен діндарлығына қарап алған адам бұл өмірін де, ахыретін де көркейтіп, бақытқа қауышады. Көше құған қызбен үйленген адамның бұл өмірі де, ахыреті де қирауы ғажап емес. Сондықтан үйленетін қыздың діні мен тегіне қарау керек. Тегі дегеніміз қыздың ата-анасының діндар болуы. Ата-анасы діндар болған қыз текті деген сөз. Жігіттің де осындай сипаттарына қарау керек. Әнли сүннет ақидасында болуы, намаздарын үзбей оқуы, көркем мінезді және ықыласты болуы керек. Байлығына, атақ-данқына және мансабына қызығып, яғни дүниелік үшін үйленген адам құриды. Осыған өте мұқият болу керек.

Адамдар имандары әлсіреген сайын дүниелік нәрселерді іздейді. Алайда сол іздеген дүниеліктері, қалағандары, сенгендерінің бәрі тек Аллаһтың мүлкінде. Барлық нәрсенің иесі де, барлық нәрсені жаратқан да, барлық нәрсені беретін де тек Аллаһу тағала. Дүние қызығының соңынан ергендер осыны түсіне алса, ұялғандарынан жерге кірер еді.

Аллаһу тағалаға деген сенім толық болғанда дүниеліктің артынан қуу тоқтайды. Тек дүниеліктің өзі бақыт әкелмейді. Иманы әлсіз адамдар барлық нәрсені дүниелікпен өлшейді. Үйленер кезде қыз немесе жігіттің дипломдысын, көп айлық алатынын, мал-мүлкі бар болғандарды іздейді. Бірақ бұлар бүгін бар, ертең жоқ болатын нәрселер. Сондықтан бұлар бізді мәңгілікке апара алмайды. Иман ақшамен өлшенбейді, тіпті денсаулықтың өзі ақшамен өлшенбейді. Үйленіп барлық нәрсесін түгелдеп, содан кейін көр болып немесе сал болып қалған адам дәулетімен бір ғана денсаулығының өзін қалпына келтіре ала ма? Сол себепті екі дүние бақытын тек мал-мүлктің көп болуында деп білмеу керек. Мақсаты дүние болған адам осындай жағдайға түссе, түніліп аспаны төңкеріледі.

Кімде-кім жарын дүниесіне қарап таңдаса, таңдаған

ДАЛАНЫҢ ДАРА ДІЛМАРЛАРЫ

ТАБАЙДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Табай шешен тумысынан қолы тар кісі болған екен. Сол кісі бірде үйіне жолаушылап келіп түсе қалған Шегеннің бір баласын үйіне қондырмай жіберіпті. Содан өзі бірде Шегенге сәлем берейін деп барса, Шегеннің өзі үйде жоқ екен. Баяғы өзі үйіне қондырмай жіберген баласы Табайды танып: «Дүние кезек деген, ақсақал, анада үйіңізге қондырмағаныңыз есіңізде болар, енді сіз бұл үйде қона алмайсыз, жолыңыздан қалмай жүре беріңіз»-деп түсірмейді.

Бала айтты деп бара берер Табай ма, атты борбайлата бір салып, қотанның ортасына барады да, бар дауысымен ойбайға басады:

Байлықта сұрадың-таласпадым, бердім, Шеген, ойбай.

Батырлықты сұрадың-таласпадым, бердім, Шеген, ойбай.

Билікті сұрадың-таласпадым, бедім, Шеген, ойбай.

Өзіме қонған қу сарандық еді, Бердім, ойбай, бердім!-деп, атты басқа тартып жібереді.

Алғашқы дауыс шыққанда үрейлене сыртқа шыққан Шегеннің бәйбішесі Табайды танып, жүгіріп келіп шылбырына оралады. Жалынып-жалпайып, аттан түсіріп, баласына кешірім сұратып, ат-тон айып төлейді.

СӨЗІ ТОҚПАҚТАЙ

Ахмет төре дуанбасы болып келгенде, аргын, қыпшақтың игі жақсылары сәлемдесе барыпты. Солармен бірге бойы бір тұтам қолтоқпақтай Балақарақшы да барады. Ахмет Балақарақшыны білмейді екен. «Бұл кім?» деп сұрайды. Біреу: «Балақарақшы деген епті жігітіміз осы» дейді.

-Пай-пай, жұрт та қызық-ау, осы қарақшы болып не бітіруші еді, түрі мынау ғой,-деп қарқ-қарқ күледі. Сонда Балақарақшы тұрып:

-Күлме, төрем!

Биік болсаң, көп болса қарағайдай боларсын.

Құрт болып теспесімді қайдан білесін?

Мықты болсаң, көп болса пілдей шығарсың,

Тышқан болып құлағыңа кірмесімді қайдан білесін?-деген екен. Ойланбай сөйлегеніне опық жеген Ахмет ұялғанынан үндей алмай жер

шұқып отырып қалыпты.

ШИЫРБАЙДЫҢ ШАЙЫРЛЫҒЫ

Көшербай деген байдың қояншық наукасы бар екен. Ауырып жаны қысылғанда баласы ақ сары бас құдайы айтып, тәуір болған соң айтқанын соймайды екен. Соған Шиырбайдың айтқаны:

Ауырса Көшекене тоқты айтасың, Жазылып кетсе «тоқты жоқ-ты» айтасың,

Құдайды бір алдамай бірнеше алдап Бір күні Көшекенді шоңқайтарсын.

МАЛТАҚАН МЕН СӘПӨК

Тайыр Жараковтың атасы Малтақан сөзге шешендігімен, табанда тауып айтқыштығымен бүкіл Бөкей атырыбына әйгілі болыпты.

Малтақанды сөзбен жеңе алмаған болыс пен байлар оның кедейлігін бетіне басып, ел алдында мұқалту мақсатымен бір күні болыс бастаған топ Малтақанның қараша үйіне сау етіп келе қалады. Олардың ішінде қонақты ылғи қатқан қақпышпен сыйлайтындықтан «саран бай» атанған Түсеке де, Малтақан баласының еңбегіне алажақ тоқтысын екі жылдан бері бермей жүрген Жүнісәлі бай да болады.

Малтақан оларды көңілді қарсы алып, жалғыз биесінің құлынын сойып, қонақ етеді. Жас құлынның балбырап піскен уыз еті алдарына келгенде Жүнісәлі тұрып:

-Малтақанның байлығы болмағанымен пандығы бар-ау, қонағын құлын етімен сыйлауын қарандаршы,-деп мысқылдай сөйлепті.

Сонда Малтақан тұрып: Сәлем бере келген соң Елдің ылғи еркесі мен серкесі, Ақ ниетімді көрсетіп, Алдарыңа тартқаным-

Жалғыз құлынның шекесі. Бұл құлынды соярда Бір жерден кемпір күңкілдеді. «Қақпыштан құр емес,-деп,- сандығым»,

Бір жерден бала дінкілдеді: «Байдан әкеліп соям» деп Жалға алатын жандығын. Екеуін де дегеніме көндіріп,

Құрмет үшін құлынның Құрбан еттім малдығын. Сыйламауым тұзға кепкен қақпышпен Болса болар пандығым,-депті.

Сөздің төркінін түсінген Жүнісәлі мен Түсеке ұялғандарынан жерге кіргендей болып, табаққа қолдарын сала алмапты деседі.

Малтақан Бекболаттың Мұқашы деген байдың үйінде отырғанда сол байдың соғымға жіберген бір түйесі үйелеп өліпті деген хабар келіпті. Оған Мұқаш қатты ренжіп, мал басындағы бақташыларын түн бойы сырттай балағаттап бітеді. Ертеңмен шай үстінде отырғанда да оның қабағы ашылмайды. Сонда оған Малтақан былай дейді:

«Немене, мырза, Қабағың ашылмады ғой түннен, Өліпті деп естігелі семіз інген. Бірі өлсе, мыңы бар, Сенікі ғой анау өрісте қаптап жүрген. Бағатын да, өсіретін де жалшы, Қайсысына, сірә, сенің терің сіңген? Қой, Мұқаш! Тағдырдың ажалы тура келсе Кетерсің түйе түгіл, өзің мүлдем!»

Малтақанның Қалым дейтін баласы біреуге еткен еңбегі үшін бір қой алып, үйге жіберсе, ол келгенше Малтақан шал Қалымның кісі жіберіп, еңбегіне алған жалғыз қойын сойып жеп қойса керек.

Сонда Қалым әкесіне: қартайған адамнан қанағат кете ме екен деп реніш білдіреді де:

Көрініп анау тұрған Өмірбегін, Қыстауың жайлауың мен-Темірбегін. Апырай, жалғыз қойды жеп қойыпсың, Менен де жақын екен кеңірдегің,- дегенде Малтақан шал:

Бәсе, көрініп анау тұрған Өмірбегім, Қыстауым жайлауым мен-Темірбегім. Кәрілік пен жарлылық қатар басса Балаңнан да жақын болар кеңірдегің. Қалым-ау, әкең шал да, шешен кемпір, Әкенде жырттылып жүр кебіс белтір. Екеуін асырауды қиынсыңсаң Бізде үн жоқ, бір шыбықпен ұр да өлтір!-деп жеңіп кеткен екен. Бұдан кейін Қалым әкесінің бетіне жел болып келмеген екен.

Малтақан би жасы тоқсанға келгенде кәрілік пен жарлылық қатар жеңіп, көктемде ел жайлауға көшкенде қыстақта қалып қойыпты. Жайлаудағы қариялар кейін жайын біле келгенде малтақан оларға былай деген екен:

Бір кезде бұл Малтақан аға болды, Достыққа кір жуытпай, билік айтар дана болды.

Жас тоқсанға келген соң таза бойым аза болды.

Сыртқа шықсам, сырласым құлазыған мола болды.

Үйге кірсем, құрдастарым мысық пен бала болды.

Ел көшкенде жұртта қалып, есіл көңілім наза болды.

Жалғыз сиырды қасқыр жарып, Малтақан малдан ада болды.

Сонда ауыл қариялары Малтақанды ауылға көшіріп алып, алдына мал салып, астына ат мінгізіпті.

Сәпөктің жасы отыз беске келгенше үйленбей, ел кезіп, серілік құрып жактырмаған Малтақан бір күні баласына былай депті:

Келгенше дәл отыз бес жасқа, балам,

Қоймадың ел кезуді, қасқа балам. Апталап үйін көрмей тентіреуді

Жазған ба мандайыңа хак тағалам! Сонда Сәпөк әкесіне былай деп айтқан екен:

Ел кездім қалмаған соң басқа шыдам,

Күйеу дер Сәпогінді бар ма құдаң? Тіпті үйден, әкетайым, шықпас едім

Сыландап тұрса, шіркін, бір ақ қылан.

Бұдан кейін Малтақан көп кешікпей біреуге құда түсіп, Сәпөкті үйлендірген екен.

Сәпөк ел аралап, салдық құрып жүріп, жасы отыз беске келгенше үйленбепті.

-Әке, әйелдің қандайын алсам жақсы болады?-деп әзілдейді екен.

Сонда әкесі:

-Сыры терең, сыны кетпес қолан шашты торыны ал,-депті.

-Ол болмаса ше?

-Тілі саран, қолы мырза аққұбаның өзін ал.

-Ол да болмаса ше?

-Мұңға мұқалмас, жоққа жұтамас қажымайтын қараны ал.

-Ол да болмаса?

-Ол да болмаса түсі сары, көзі көк,

былшылдаған сөзі көп, салпы етектің өзін ал.

Сонда Сәпөк:

-Әй, әке-ай, ауызыңызға әйелдің эппағы бір түспей қойды-ау,-деп қынжылғанда, әкесі:

-Е-е, шырағым-ай, құр ағарған-ның мәні болмас, жалтырауықтың дәні болмас, дәні болмаса, сәні болмас,-деген екен.

САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР

БӘС

Ел ішінде ертеден келе жатқан қызықты салт пен әдеттің бірі-бәс тігу. Бұл ас пен тойда ғана емес әр уақытта бола беретін қызықты бәсеке. Бәстің түрі де көп болады. Мысалы, күш сынасу, ауыр тас көтеру, өгізді, түйені көтеру, судан жүзіп өту, бір қойдың етін бір өзі жеп кету, күрес, мергендік сайысы, жаяу жарыс тағы басқа. Бәс шарттары бойынша оған бәйге тігіледі. Бәйгені ұтылған жак немесе ұйымдастырушылар төлейді. Оған дәмелілер қатысады. Бұл көпшілік алдында өтеді. Бәс жеңімпаздары құрметке бөленеді, мақтау алады. Оның есімін де жұрт ұмытпай айтып жүреді. Карон палуанмен бәсте Балуан Шолақ (1864-1919) 51 пұт кір тасын көтерген. Арканың әйгілі палуаны Танатқан Дүйсеккейұлы (1899-1966) бәске тігілген атан өгізді көтеріп әкеткен. 19 ғасырдың орта кезінде саяхатшы-зерттеуші орыстармен бәстесіп Ораз деген кісі Маңғыстаудағы Шерқала атты биік шың басынан секіріп жерге аман түскен. Содан бастап бұл жер «Ораз ұшқан» деп аталады. Осындай бәсте кейде кісі күлерлік, ерсі жайлар да кездесе береді. 19 ғасырда Тінет Шінтән деген кісі тірі кесірткені жұтып жіберіп жақы киген. 1965 жылдары Жанкелдин ауданы Станция деген жерінде Жақсылық пен Сейілбек деген кісі жігіт осындай бәсте әрқайсысы 40 сона жеп қойған. Сол сияқты сары масаға таланып 4 сағат қозғалмай отырғандар, бір қойдың етін бір өзі жегендер, 40 кесе іркіт ішкендер де, бір қарын майды бір өзі жеп кеткендер де ел ішінде жиі кездескен.

Бәске өзіне сенген мықтылар мен күштілер, ерік-жігері мол жігіттер қатысқан.

БӘСІРЕ

Бала есі кіріп, оң-солын таныған соң, сүндет тойына немесе мектепке барғанда атасы немесе өз әке-шешесі оған тай атайды. Оны «бәсіре» тай дейді. Бала оны ерекше күтімге алады, бағады, үйретеді. Және сол арқылы мал бағуға, еңбекке үйренеді. «Бәсіре» атау бланың көңілін өсіреді, өмірге бейімдейді. Өз қатарына «бәсіре тайым бар» деп мақтанып, өсіп жүреді. Мұның бәрі баланы көңілін өсіріп, ынталандырып тәрбиелеудің бір жолы.

«БЕЛ КӨТЕРЕР»

«Токсан көрейін деген жасым бар еді, Быламық ішейін деген асым ба еді» деп баяғы қариялар айтқандай жасы жеткен адамдар тісі болмаған соң тамақ жей алмайды. Мұндай жағдайда осындай адамдарға арнап «бел көтерер» деген тағам арнайы дайындалады. Бұл әрі жұмсақ, әрі дәді, нәрі мол қазы, сарымай, жент, қымыз, ақ ірімшік, бал тағы со сияқты тамақтардан әзірленеді. Мұны балалары, көрші-көлемдер, сыйлас кісілер әдейі дайындап әкеледі. Бұған өте риза болған қарттар батасын береді. Біз бұдан халқымыздың жасы үлкен адамдарды сыйлаудың, бағып-қағудың үлкен үлгісін көреміз. «Бел көтерер» аурудан жана тұрған адамдарға, сол сияқты «Наурыз», «айт» күндері де үлкендерге әдейі тартылады.

«БЕС ЖАҚСЫ»

«Оның үстіне қалыңмалмен қабат бес жақсы туралы да келісіледі» Аты айтып тұрғандай бұл бұрынғы ізгі жақсылар, би, бай, мырза, батыр, ел ағалары арасында жүретін жолы да, орны да ерекше тағалы сый, жақсы дәстүр саналған. Елдің аса құрметті, беделді адамдары арасындағы достық, сыйластық қарым-қатынастарда сый-сияпат немесе құдалар арасындағы қалың мал, киіт орнына да жүрген. Халық арасындағы жоғары құрмет пен марапат, сый-сияпаттың ен жоғарғы түрі де осы - «бес жақсы» дәстүрі арқылы көрсетілген. «Бес жақсыға» кара нар, жүйрік ат, қалы кілем, алмас қылыш, бұлғын ішік жатады. Құдалар арасында мұның бірі ұзатылған қыздың сәукеле бастаған асыл тағымдарымен алмастырылады. Бұл дәстүр елдің, ердің мырзалық, мәрттік, тектілік, сыйластық қасиеттерін көрсететін әрі оның салтанатын, ар-абыройын арттыратын мәртебелі көрініс. «Бес жақсының» бір түрінің өзі 4-5 жылқыға бағаланған. «Бес жақсы» түріне, дәрежесіне қарай «бес жақсы», «орта жақсы», «аяқ жақсы» болып үшке бөлінеді. Мұның бәрі бағалы кәде қатарына жатады. Кей жерлерде «алты жақсы» деген де бар. Бұл дәстүрде «бес жақсыға» тағы да бір жақсы қосылады. Мысалы, алтын, күміс жамбы, күмістеген ер-тоқым немесе кісе белбеу тағы басқа «Ошақты Құлназарға күн бермексің, Алты жақсы, жүз жылқы пұл бермексің».

**ДҮЙСЕНБІ
17 ҚАЗАН 2016 ЖЫЛ
ХАБАР**

17:02 «Народный контроль» 17:15 «ЕХРО-болашақ энергиясы» 17:25 «Егіз жүрек» 17:25 «Біздің назарда» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 «Қыз жолы» 19:00, 00:10, 01:45 «Корытынды жаңалықтар» 19:35 Негізінде 19:40 «Ақылды кілті. Өмірдастан» 20:30 «ЕХРО-энергия будущего» 20:35 «Бетпе-бет» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 «Бюро расследований» 22:10 «Осколки» 23:05 «Тағдыр тартысы» 23:40, 01:15 «Әр үйдің сыры басқа» 00:45 «Өмір сабақтары» 02:20 «Сотка жеткізбей»

ҚАЗАҚСТАН

17:05 «Көңіл толқыны» 17:15, 02:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 17:30, 20:30, 00:30 Казнеюс 17:55, 03:35 «Тәуелсіздік тірегім» 18:10 т/х «санжар мен Қайсар» 18:45 «Сәлем, Астана!» 18:55 «Менің Қазақстаным!» 19:30 т/х «Сурайя» 21:15 «Айтуға оңай» 22:00 т/х «Айман/Шолпан» 22:55 «Ұлы дала өсиеті» 23:00 т/х «Келін» 23:55, 03:00 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 01:15 «Спорт.kz» 01:35 т/х «Жаңа қоныс» 02:15 «Серпіліс»

КТК

17:05 «Махабатта шек бар ма?» 19:00 «Шырғалаң» 20:30 Жаңалықтар 21:00 Вечерние новости 21:40 «Главная редакция» 22:35 «Дежурный врач» 00:30 «Ишейка» 02:15 «Сарай ханымдары» 03:00 Жаңалықтар 03:25-04:20 «КТК» Коржынынан»

АСТАНА

17:00, 21:00 «Ұрланған тағдыр» 18:00 «Жетім жүрек» 19:00 «Қыз ақысы» 20:00, 00:00 Жаңалықтар 20:30, 00:30 Новости «20:30» 22:00 «Кош келдініз!» 23:00 т/с «Дурная кровь» 23:50 «Технология аймағы» 01:00 «Байдың қызы»

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

17:00 Жаңалықтар 17:05 «Той заказ» 17:35 «Родина» 18:50 «Ради любви я все смогу» 20:00 «Главные новости» 20:55 «Джодха және Акбар» 22:00 «Басты жаңалықтар» 22:40 «Ғажайып жан» 23:35 «Паутина» 00:00 «Забудь и вспомни» 02:00 «Паутина» 02:20 «Басты жаңалықтар» 03:00 «Жить здорово»

СЕЙСЕНБІ**18 ҚАЗАН 2016 ЖЫЛ
ХАБАР**

07:02, 01:00 «Өмір сабақтары» 07:30, 02:30 «Сотка жеткізбей» 08:00 «Жаңа күн» 10:10, 22:30 «Осколки» 11:10, 00:00, 01:30 «Әр үйдің сыры басқа» 11:30, 19:40 «Ақылдың кілті. Өмірдастан» 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 «И все-таки я люблю...» 15:00 «Важно знать» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 «Зауал» 16:35, 23:25 «Тағдыр тартысы» 17:10 «ЕХРО-болашақ энергиясы» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Білу маңызды» 18:15 «Қыз жолы» 19:00, 00:30, 02:00 «Корытынды жаңалықтар» 19:35 Негізінде 20:30 «ЕХРО- болашақ энергиясы» 20:35 «Қайсар жандар» 21:00 Итоги дня 21:30 По сути 21:40 «Такая работа»

ҚАЗАҚСТАН

06:05, 12:55, 17:30, 20:30, 00:30 «Казнеюс» 06:50 «Көңіл толқыны» 07:00 «Таңшолпан» 10:00 «Питер Пэн» 10:25 «Тобот» 10:45, 22:00 т/х «Айман/Шолпан» 11:40 «Айтуға оңай» 12:25, 01:15 «Жаңа қоныс» 13:00 «Бірге таңдаймыз!» 14:00-16:00 техникалық үзіліс 16:00 Концерт «Әндер мен жылдар» 16:40, 19:30 т/х «Сурайя» 17:55 «Бейнет түбі-зейнет» 18:10 т/х «Санжар мен Қайсар» 18:40 «Сәлем, Астана!» 18:50 «Спорт.kz» 19:10, 01:50 «Табыс сыры» 21:15 «Айтуға оңай...» 22:55 «Ұлы дала өсиеті» 23:00 т/х «Келін» 23:55, 02:45 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 02:15 «Қылмыс пен жаза» 02:35 «Бүгінгі күннің батырлары» 03:15 «Концерт»

КТК

07:05 «Махабатта шек бар ма?» 07:25 «Сарай ханымдары» 08:10 Жаңалықтар 08:35 «Шырғалаң» 29:50 «Ишейка» 12:00 Новости 12:45 «Главная редакция» 13:35 «Другая правда» 14:50 «Көріпкел» 15:50 «Махабатта мұны 17:20 «Махабатта шек бар ма?» 19:00 «Шырғалаң» 20:30 Жаңалықтар 21:00 Вечерние новости 21:40

«Было дело» 22:30 «Дежурный врач» 00:30 «Ишейка» 02:25 «Сарай ханымдары» 03:10 Жаңалықтар 03:35-04:20 «КТК» Коржынынан»

АСТАНА

07:00 «Отбасы. Құдағилар» 07:20, 20:00, 00:00 Жаңалықтар 07:50, 20:30, 00:30 Новости «20:30» 08:20 «Суперпапа» 09:00 Т/с «Украденная жизнь» 10:00 «Фериха» 11:10, 18:00 «Жетім жүрек» 12:10, 19:00 «Қыз ақысы» 13:10 «Айжан» 14:10 т/с «Виктория» 16:30 «Отбасы. Келін ененің топырағынан» 17:00, 21:00 «Ұрланған тағдыр» 22:00 «Кош келдініз!» 23:00 т/с «Дурная кровь» 23:50 «Территория технология» 01:00 «Тенгемания» 01:15 «Байдың қызы»

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

06:00 Жаңалықтар 06:05 «Жить здорово» 07:00 Жаңалықтар 07:10 «Сапа бақылауда» 07:55 Жаңалықтар 08:00 «Доброе утро» 10:00 «Судебные истории» 11:00 «Той заказ» 11:30 «Әйел сыры...» 12:30 «Джодха және Акбар» 13:15 «Ғажайып жан» 14:05 «Все мы люди» 15:00 «Басты патруль» 15:10 «Правда» 15:15 «Идеальная жертва» 16:20 «Давай поженимся!» 17:35 «Пусть говорят» 18:50 «Ради любви я все смогу» 20:00 «Главные новости» 20:55 «Джодха және Акбар» 22:00 «Басты жаңалықтар» 22:40 «Ғажайып жан» 23:35 «Паутина» 00:00 «Забудь и вспомни» 02:00 «Паутина» 02:20 «Басты патруль» 02:30 «Басты жаңалықтар» 03:05 «Әйел сыры...»

СӘРСЕНБІ**19 ҚАЗАН 2016 ЖЫЛ
ХАБАР**

07:02 «Әсем әуен» 07:15, 17:15 «Біздің үй» 08:00 «Жаңа күн» 10:10, 22:30 «Осколки» 11:00, 23:55, 01:30 «Әр үйдің сыры басқа» 11:30, 19:40 «Ақылдың кілті. Өмірдастан» 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 «И все-таки я люблю» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 «Зауал» 16:35, 23:25 «Тағдыр тартысы» 17:10 «ЕХРО-болашақ энергиясы» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 «Қыз жолы» 19:00, 00:30, 02:00 «Корытынды жаңалықтар» 19:35 Негізінде 20:25 «ЕХРО-энергия будущего» 20:30 «Қайсар жандар» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 «Такая работа» 01:00 «Өмір сабақтары» 02:30 «Сотка жеткізбей»

ҚАЗАҚСТАН

06:05, 12:55, 14:55, 17:30, 20:30, 00:30 «Казнеюс» 06:50 «Көңіл толқыны» 07:00 «Таңшолпан» 10:00 «Питер Пэн» 10:25 «Тобот» 10:45, 22:00 т/х «Айман/Шолпан» 11:35 «Айтуға оңай» 12:25, 01:15 «Жаңа қоныс» 13:00 «Бірге таңдаймыз!» 14:10, 23:00 «т/х «Келін» 15:00 «Әйел бақыты» 16:40, 19:30 т/х «Сурайя» 17:55, 02:40 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:15 т/х «Санжар мен Қайсар» 18:45 Сәлем, Астана! 19:00, 01:50 «Үзілді түздік бір гүлі...» 21:15 «Сұхбат» 22:55 «Ұлы дала өсиеті» 23:55, 02:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 02:15 «Журналистік зерттеу» 03:20 Концерт

КТК

07:05 «Махабатта шек бар ма?» 07:25 «Сарай ханымдары» 08:10 Жаңалықтар 08:35 «Шырғалаң» 09:50 «Ишейка» 12:00 Новости 12:45 «Было дело» 13:35 «Семейные драмы» 14:50 «Әйел қырық шырақты» 15:50 «Махабатта мұны 17:20 «Махабатта шек бар ма?» 19:00 «Шырғалаң» 20:30 Жаңалықтар 21:00 Вечерние новости 21:40 «Черный квадрат» 22:20 «Дежурный врач» 00:30 «Ишейка» 02:10 «Сарай ханымдары» 02:55 Жаңалықтар 03:20-04:10 «КТК» Коржынынан»

АСТАНА

07:00, 16:30 «Отбасы. Келін ененің топырағынан» 07:20, 20:00, 00:00 Жаңалықтар 07:50, 20:30, 00:30 Новости «20:30» 08:20, 22:00 «Кош келдініз!» 09:00 Т/с «Украденная жизнь» 10:00 «Фериха» 11:10, 18:00 «Жетім жүрек» 12:10, 19:00 «Қыз ақысы» 13:10 «Айжан» 14:10 т/с «Виктория» 17:00, 21:00 «Ұрланған тағдыр» 23:00 т/с «Дурная кровь» 23:50 «Технология аймағы» 01:00 «Тенгемания» 01:15 «Байдың қызы»

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

06:00 Жаңалықтар 06:05 «Жить здорово» 07:00 Жаңалықтар 07:10 «Сапа бақылауда» 07:55

Жаңалықтар 08:00 «Доброе утро» 10:00 «Судебные истории» 11:00 «Той заказ» 11:30 «Әйел сыры...» 12:30 «Джодха және Акбар» 13:15 «Ғажайып жан» 14:05 «Все мы люди» 15:00 «Басты патруль» 15:10 «Правда» 15:15 «Идеальная жертва» 16:20 «Давай поженимся!» 17:35 «Пусть говорят» 18:50 «Ради любви я все смогу» 20:00 «Главные новости» 20:55 «Джодха және Акбар» 22:00 «Басты жаңалықтар» 22:40 «Ғажайып жан» 23:35 «Паутина» 00:00 «Забудь и вспомни» 02:00 «Паутина» 02:20 «Басты патруль» 02:30 «Басты жаңалықтар» 03:05 «Әйел сыры...»

БЕЙСЕНБІ**20 ҚАЗАН 2016 ЖЫЛ
ХАБАР**

07:15, 17:15 «Біздің үй» 08:00 «Жаңа күн» 10:10, 22:30 «Осколки» 11:00, 00:00, 01:30 «Әр үйдің сыры басқа» 11:30, 19:40 «Ақылдың кілті. Өмірдастан» 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 «И все-таки я люблю» 15:00 «Важно знать» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 «Зауал» 16:45, 23:25 «Тағдыр тартысы» 17:10 «ЕХРО-болашақ энергиясы» 18:00 «Білу маңызды» 18:15 «Қыз жолы» 19:00, 00:30, 02:00 «Корытынды жаңалықтар» 19:35 Негізінде 20:40 «ЕХРО-болашақ энергиясы» 20:45 «Қайсар жандар» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 «Такая работа» 01:00 «Өмір сабақтары» 02:30 «Сотка жеткізбей»

ҚАЗАҚСТАН

06:05, 12:55, 14:55, 17:30, 20:30, 00:40 «Казнеюс» 06:50 «Көңіл толқыны» 07:00 «Таңшолпан» 10:00 «Питер Пэн» 10:25 «Тобот» 10:45, 22:00 т/х «Айман/Шолпан» 11:40 «Айтуға оңай» 12:25, 01:25 «Жаңа қоныс» 13:00 «Бірге таңдаймыз!» 14:10, 23:00 «т/х «Келін» 15:00 «Әйел бақыты» 16:40, 19:30 т/х «Сурайя» 17:55 , 01:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:15 т/х «Санжар мен Қайсар» 18:45 «Сәлем, Астана!» 19:00, 02:05 «Агробизнес» 21:15 «Қоғамдық кеңес» 22:55 «Ұлы дала өсиеті» 23:55, 02:50 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 00:30 «МузАрт Live» 02:30 «Журналистік зерттеу» 03:20 Концерт

КТК

07:05 «Махабатта шек бар ма!» 07:25 «Сарай ханымдары» 08:10 Жаңалықтар 08:35 «Шырғалаң» 09:50 «Ишейка» 12:00 Новости 12:45 «Черный квадрат» 13:20 «Семейные драмы» 14:30 «Әйел қырық шырақты» 15:30 «Махабатта мұны 17:20 «Махабатта шек бар ма?» 19:00 «Шырғалаң» 20:30 Жаңалықтар 21:00 Вечерние новости 21:40 «Наша правда» 22:50 «Дежурный врач» 00:40 «Ишейка» 02:25 «Сарай ханымдары» 03:10 Жаңалықтар 03:35-04:30 «КТК» Коржынынан»

АСТАНА

07:00 «Отбасы. Келін ененің топырағынан» 07:20, 20:00, 00:00 Жаңалықтар 07:50, 20:30, 00:30 Новости «20:30» 08:20, 22:00 «Кош келдініз!» 09:00 Т/с «Украденная жизнь» 10:00 «Фериха» 11:10, 18:00 «Жетім жүрек» 12:10, 19:00 «Қыз ақысы» 13:10 «Әулет» 14:10 т/с «Самара» 16:30 «Инвестиция және даму» 16:40 «Отбасы. Қайын жұрт» 17:00, 21:00 «Ұрланған тағдыр»,» 23:00 т/с «Дурная кровь» 23:50 «Территория технология» 01:00 «Тенгемания» 01:15 «Байдың қызы»

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

06:00 Жаңалықтар 06:05 «Жить здорово» 07:00 Жаңалықтар 07:10 «Сапа бақылауда» 07:55 Жаңалықтар 08:00 «Доброе утро» 10:00 «Судебные истории» 11:00 «Той заказ» 11:30 «Әйел сыры...» 12:30 «Джодха және Акбар» 13:15 «Ғажайып жан» 14:05 «Все мы люди» 15:00 «Басты патруль» 15:10 «Правда» 15:15 «Идеальная жертва» 16:20 «Давай поженимся!» 17:35 «Пусть говорят» 18:50 «Ради любви я все смогу» 20:00 «Главные новости» 20:55 «Джодха және Акбар» 22:00 «Басты жаңалықтар» 22:40 «Ғажайып жан» 23:35 «Паутина» 00:00 «Забудь и вспомни» 02:20 «Паутина» 02:20 «Басты патруль» 02:30 «Басты жаңалықтар» 03:05 «Әйел сыры...»

ЖҰМА**21 ҚАЗАН 2016 ЖЫЛ
ХАБАР**

07:02 «Біздің үй» 07:40 «Продвопрос» 08:00 «Жаңа күн» 10:10, 22:30 «Осколки» 11:00, 01:05

«Әр үйдің сыры басқа» 11:30, 19:40 «Ақылдың кілті. Өмірдастан» 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 «Битва за Севастополь» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 «Зауал» 16:45 «Тағдыр тартысы» 17:20 «ЕХРО-болашақ энергиясы» 17:20 «Өмір жолы» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 «Компромат» 19:00 Корытынды жаңалықтар 20:25 «ЕХРО-энергия будущего» 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Итоги дня 21:40 «Такая работа» 23:25 х/ф «Просто друзья» 01:35 «Сотка жеткізбей»

ҚАЗАҚСТАН

06:05, 12:55, 14:55, 17:30, 20:30, 00:40 «Казнеюс» 06:50 «Көңіл толқыны» 07:00 «Таңшолпан» 10:00 «МузАрт Live» 10:10 «Питер Пэн» 10:35 «Тобот» 10:55 т/х «Айман/Шолпан» 11:40 «Қоғамдық кеңес» 12:25, 01:25 «Жаңа қоныс» 13:00 «Бірге таңдаймыз!» 14:10, 23:25 «т/х «Келін» 15:00 «Әйел бақыты» 16:40, 19:30 т/х «Сурайя» 17:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:05 «Санжар мен Қайсар» 18:35 «Ертегілер еріне сияхат» 18:45, 01:55 «Жан жылуы» 19:05, 02:15 «Иман айнасы» 21:00, 01:10 Парламент 21:15 «Айтуға оңай» 22:00 «Сәлем, Қазақстан!» 00:20, 03:05 «Қылмыс пен жаза» 02:35 «Дауа» 03:30 Концерт

КТК

07:05 «Махабатта шек бар ма?» 07:25 «Сарай ханымдары» 08:10 Жаңалықтар 08:35 «Шырғалаң» 09:50 «Ишейка» 12:00 Новости 12:45 «Наша правда» 13:50 «Семейные драмы» 14:50 «Әйел қырық шырақты» 15:50 «Махабатта мұны» 17:30 «Махабатта шек бар ма?» 19:00 «Шырғалаң» 20:30 Жаңалықтар 21:00 Вечерние новости 21:40 «Наша правда» 22:40 «Гражданка Катерина» 02:25 «Сарай ханымдары» 03:10 Жаңалықтар 03:35-04:00 «КТК» Коржынынан»

АСТАНА

07:00 «Отбасы. Қайын жұрт» 07:20, 20:00, 00:00 Жаңалықтар 07:50, 20:30, 00:30 Новости «20:30» 08:20 «Инвестиция және даму» 08:30 «Ну, погоди!» 09:00 Т/с «Украденная жизнь» 10:00 «Фериха» 11:10, 18:00 «Жетім жүрек» 12:10, 19:00 «Қыз ақысы» 13:10 «Әулет» 14:10 т/с «Самара» 16:30 «Репортер представляет» 16:50 м/ф «Грибной дождик» 17:00, 21:00 «Ұрланған тағдыр» 22:00 «Кош келдініз!» 23:00 т/с «Дурная кровь» 01:00 «Тенгемания» 01:15 «Байдың қызы»

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

06:00 «Әйел сыры» 06:45 «Жұма уағызы» 07:00 Жаңалықтар 07:10 «Сапа бақылауда» 07:55 Жаңалықтар 08:00 «Доброе утро» 10:00 «Судебные истории» 11:00 «Той заказ» 11:30 «Әйел сыры...» 12:30 «Джодха және Акбар» 13:20 «Ғажайып жан» 14:05 «Все мы люди» 15:00 «Басты патруль» 15:10 «Правда» 15:15 «Идеальная жертва» 17:25 «Жди меня» 18:35 «Евразия лото» 18:45 «Поле чудес» 20:00 «Главные новости» 20:55 «Джодха және Акбар» 22:00 «Басты жаңалықтар» 22:40 «Ғажайып жан» 23:35 «Паутина» 00:00 «MI CHALLENGE 71» 02:50 «Паутина» 03:10 «Басты патруль» 03:20 «Басты жаңалықтар» 03:55 «Әйел сыры...» 04:40 «Той заказ»

СЕНБІ**22 ҚАЗАН, 2016 ЖЫЛ
ХАБАР**

07:02 «Қалжың қоржыны» 08:30 «Қызық таймс» 09:35 «Биле, Қазақстан!» 09:50 «Со склонов Кокурико» 11:20 «Дети шпионов 3. Игра окончена» 12:50 «Сүйген жарым» 14:40 «Биле, Қазақстан!» 16:30 «Экспедиция 25» 17:00 «Сен ғана» 18:50 «Ду-думан» 20:00 «Бенефис-шоу» 21:00 «7 күн» 22:00 х/ф «Выхода нет» 23:40 «Дворец Абдин» 00:40 «Әселдің құрбы-құрдастары»

ҚАЗАҚСТАН

06:05, 20:30, 00:05 Казнеюс 06:40, 02:30 Концерт 08:15 «Дара мен достары» 09:00 «Сенбілік таң» 10:10, 18:35 «МузАрт Live» 11:40 «Әзіл әлем» 12:00 «Ас болсын!» 12:35 «Балапан жұлдыз» 13:40 «Ой-толғау» 14:30 «Еліме деген өсиет» 15:30 «Жарық» 18:45 Киноконцерт 20:05 «Медицина саласындағы 01:00 жетістіктері» 21:05 «Дара жол» 21:35 «Көңілашар» 00:40 «Алабөтен

ереже»

КТК

07:05 «Аумалы-төкпелі заман» 08:00 «Тағдырмен тартыс» 08:30 «Әйелдер боксы: құрбылар оқиғасы» 09:00 «Басты рөлде» 09:30 «Инсталайық» 10:00 «Семья» 12:00 Новости 12:45 «Наша правда» 13:50 «Барышня-крестьянка» 14:50 «Көріпкел» 15:50 «Әйел қырық шырақты» 16:50 «Инсталайық» 17:25 «Басты рөлде» 17:50 «Шырғалаң» 20:05 «Бала дауысы» 21:00 «Другая правда» 22:00 «Я стесняюсь своего тела» 01:20 «Көріпкел» 02:05-03:30 «Америка қызы»

АСТАНА

08:00 Жаңалықтар 08:30 Новости «20:30» 09:00 т/с «Украденная жизнь» 10:00 «Тенгемания» 10:15 «Кош келдініз!» 11:00, 18:00 «Жетім жүрек» 12:00 «Соңғы сәт» 14:10 м/ф «Ну, погоди!» 14:20 х/с «Обучаю игре на гитаре» 16:45 «Тенгемания» 17:00, 21:10 «Ұрланған тағдыр» 20:00 «Біздің уақыт» 20:45 «Біздің ауыл» 22:10 «Ел аузында» 23:10 х/ф «Полосатый рейс» 01:00 «Байдың қызы»

ЕВРАЗИЯ БІРІНШІ АРНАСЫ

06:00 Жаңалықтар 06:05 «Модный приговор» 07:00 «Идеальный ремонт» 07:50 «Вероника Марс» 08:35 «Паутина» 09:00 «Смак» 09:40 «Ищу попутчика» 11:40 «Фабрика грез» 12:00 «112. Неделя» 12:25 «Вероника марс» 13:25 «Той базар» 14:25 «Паутина+» 15:05 «Любимая учительница» 18:35 «Кешкі кездесу» 20:00 «Первая программа» 21:00 «Голос Казахстана» 22:30 «Басты бағдарлама» 23:05 «Ғажайып жан» 00:00 «Ледниковый период» 02:40 «112. Неделя» 03:00 «Кешкі кездесу» 04:00 «Модный приговор»

ЖЕКЕСЕНБІ**23 ҚАЗАН, 2016 ЖЫЛ
ХАБАР**

07:02 «Қалжың қоржыны» 08:10 «Әсем әуен» 08:35 «Ас арқау» 09:00 «ТВ Бинго»

СПОРТ. СПОРТ. СПОРТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА XXX «АЛТЫН КҮЗ» СПАРТАКИАДАСЫ АЯҚТАЛДЫ

Қазалы ауданында ауыл спортшыларының XXX «Алтын күз» спартакиадасы өтті.

Спорттың 15 түрін қамтитын бұл бөсекеде аймақтың барлық аудандарының құрама командалары өнер көрсетті. Елбасының жыл сайынғы жолдауында атап көрсетілгендей бұқаралық спортты дамыту, ауылдық жерлерде саламатты өмір салтын қалыптастырып, спорттың маңызын арттыру мақсатында өткізілген спартакиадаға 1000-ға жуық ауыл спортшылары қатысты.

Спартакиаданың салтанатты ашылуында аудан әкімі Нәжмадин Шамұратов, облыстық дене шынықтыру

және спорт басқармасының басшысы Садық Мұстафаев жарысқа қатысушыларды құттықтап, сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, бұқаралық спортты дамытуға қосқан үлесі үшін спорт басқармасының медалімен Семей-Невада республикалық қоғамдық бірлестігінің Арал аудандық филиалының төрағасы Серік Өтебадиев марапатталып, велосипед сыйға тартылды.

«Семей» ядролық сынақ полигонының жабылғанына 25 жыл толуын насихаттауда С.Өтебадиев Арал-Қызылорда бағытымен жүгіре отырып, 487 шақырым қашықтықты бағындырған болатын. Оның ендігі мақсаты - 30 жылдыққа

Арал-Семей бағытына велосипедпен жолда жүріп бару.

Жарыс қорытындысына келетін болсақ, жалпы командалық есепте 110 ұпаймен Жаңақорған ауданының командасы – бірінші, 104 ұпаймен Сырдария ауданы – екінші, 92 ұпаймен Қармақшы ауданы – үшінші орындарға ие болды.

Айта кетейік, келесі жылы спартакиаданың бағдарламасына стритбол, асық ату, арқан тарту және жамбы ату спорт түрлері қосылады.

Кезекті спартакиада жалауын Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Арман Қаржаубаев Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Өмірзақ Елеусіновке табыстады.

МАШБЕК АУЫЛЫНДА ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛАДЫ



орындарға ақшалай сыйақы беріледі.

Айта кетейік, аталмыш жарыстар ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналып отыр.

Лаура ШОНФАЛОВА

Жаңақорған ауданы Машбек ауылында «Құрмет» орденінің иегері, еңбек ардагері Машбек Нәлібаевты еске алуға арналған қазақ күресінен 23 жасқа дейінгі жастар арасында Қазақстан Республикасының облыстық ашық турнир басталады. Ел чемпионатына Астана, Алматы қалалары мен облыс орталықтарынан 16 команда, 8 салмақ дәрежесінде жұлделерді сарапқа салады.

Сондай-ақ, 16 қазанда қазақ күресінен «Түйе палуандар» арасында халықаралық турнир өтеді. Оған Грузия, Моңғолия, Тәжікстан, Өзбекстан және Қазақстаннан 40-қа жуық палуан бақ сынасады.

Жүлде қоры: I орынға жеңіл автокөлік, II, III

ТОҚТЫ

Жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады. Ең бастысы, басшыңыздың көңілінен шыға білсеңіз, жағдайыңыз жақсара түспек. Ал кәсіби біліктіліктің жетіспеуі, сіздің жетістіктеріңізге кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан да, көп ізденіп, біліміңізді жетілдірген артықтық етпейді. Көбіне жалғыз жүргенді ұнататын Тоқтылар да еркіндікті жаны қалайды. Сол себепті де, екінші теңін табуға онша құлшынысы бола қоймайды.

ТОРПАҚ

Үлкен жетістіктер мен жеңіске жету үшін Торпақтарға көп мүмкіндік береді. Жеке өмірі мен қызметте Торпақтарды үлкен өзгерістер күтіп тұр. Жаңа жұмысқа ауысып, немесе қоныс аударуыңыз мүмкін. Кейбір Торпақтарға жеке бизнесін бастауға жол ашылмақ. Осыған дейін бір орыннан қозғалмаған Торпақтар кез келген салаға ауысып, өзіңізді көрсете аласыз. Ал жұмыссыз жүргендерге белгілі бір қызметтің тізгінін ұстауға мүмкіндік мол.

ЕГІЗДЕР

Егіздер көбіне отбасы, бас-пана және мүлікке қатысты тірліктермен айналысатын болады. Ипотекалық несиені, мұра және баспана қауіпсіздігіне байланысты мәселелер оңай шешімін тауып отырады. Қызмет пен мансабыңыздың өсуіне жаңа мүмкіндіктер ашылмақ. Кейбір орындалмай жүрген армандарыңыз жүзеге аса бастайды. Жалғызбасты Егіздердің отбасын құруға деген ниеті басым болады. Дегенмен, қандай да бір жанмен тұрақты қарым-қатынас жасауға бел буа алмайсыз.

ШАЯН

Шаяндар үшін ізденіске, білім алуға, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуға қолайлы болады. Жаратылысынан көпшілікті онша ұната бермейтін жұлдызнама иесі көптен ойлап жүрген дүниелерді іске асыра бастайды. Жаңа жұмыс орындарынан да ұсыныс түседі. Ал, жеке өміріңізде жағымды жаңалықтар орын алады. Бойдақ немесе тұрмыс құрмаған Шаяндарды өмірлік маңызы бар кездесу күтіп тұр. Екінші жартыңызды жолықтыруға ең қолайлы болмақ.

АРЫСТАН

Арыстандар көптен күткен жоспарларды жүзеге асырудан бастайды. Бірақ жаңа бастамалар үшін сәтті кезең емес. Одан да аяқталмаған істерді соңына жеткізіп, соның нәтижесін күткен дұрыс. Басшылық қызметтен қорқудың қажеті жоқ. Белсенді әрі епті арыстандардың іскерлігін әріптестері жоғары бағалайтын болады. Арыстандарға екінші теңін жолықтыру сәті түсе қоймайды. Ал, отбасылы Арыстандардың тәтті өмірі өзгеріп, түрлі кикілжіндер туындауы мүмкін. Дегенмен, мұндай кедергілерге бой алдырмай, сүйікті жанның көңілінен шығу үшін басқа да амалдар ойлап табуға тырысыңыз.

БИКЕШ

Сіз үшін қызығы мен шығығы мол болады. Жеке өміріңізде, мансап жолында, ақша мәселесінде, имиджіңізде барлығы жоспарлағаныңыздай болады. Жұмыста көбіне шығармашылық мүмкіндіктеріңізді пайдаланыңыз. Кәсіби тұрғыдан өсу үшін де жан-жақты болу керек. Сондықтан да, біліміңіз бен тәжірибеніңізді жетілдірудің еш артықшылығы жоқ. Басы бос Бикештерді көптеген махаббат кездесулері күтіп тұр.

ТАРАЗЫ

Адамдармен қарым-қатынаста өте абай болған жөн. Сондай-ақ, алыс іссапарларға шығатын болсаңыз, алдын ала дұрыс жоспар жасау қажет. Жаңа жұмысқа орналасқан Таразылар үшін қиындыққа толы болмақ. Өйткені, арманыңыздағы қызмет боп көрінгенмен, сізге түрлі кедергілерден өтуге тура келеді. Алайда, армандарыңызды жүзеге асырудан қашпаңыз. Әріптестеріңізбен қарым-қатынаста жұмыс пен жеке өмірді араластырып алмау қажет.

САРЫШАЯН

Сарышаяндарға жаңа үміт пен жаңа жоспарлар сыйлайды. Жақсы идеялар туындап, нәтижелі жұмысқа қол жеткізуіңіз мүмкін. Болашаққа бағдар жасай бастайсыз. Дегенмен, біршама бастамаларды қолға алу үшін кішкене қаржылық қиыншылықтар кездеседі. Достарыңыз да сізге тек ақыл-кеңестерін айтқанмен, материалдық қолдау көрсете алмайды. Жұлдыздар

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ БІРІНШІ ТУРЫ

«Мұз айдыны» спорт кешенінде 2004 жылы туылған спортшылар арасында шайбалы хоккейден Қазақстан чемпионатының бірінші туры басталады.

Жарысқа сегіз команда: «Астана-2» (Астана), «Алматы№18» (Алматы), «Каспий» (Ақтау), «Юность -2» (Қарағанды), «Қазакмыс» (Сәтпаев), «Горняк» (Рудный) және «Қайсар» (Қызылорда) командалары қатысады.



Ел чемпионаты облысымызда алғашқы мәрте өткізілуде.

Жарысты ұйымдастырушы Қазақстан шайбалы хоккей федерациясы, Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы.

Жарыс 16 қазанға дейін жалғасады.

ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қызылорда облысында журналистер арасында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан танымал тұлға туралы үздік жарияланымға байқау басталды. Байқау «Үздік телевизиялық сюжет», «Үздік баспа материалы» және «Үздік ғаламтор жарияланым» аталымдары бойынша өткізіледі. Ұйымдастырушы-облыстық ішкі саясат басқармасы.

Байқау қорытындысы 2016 жылдың желтоқсан айының алғашқы онкүндігінде жасалады және облыстық «Сыр бойы» мен «Қызылординские вести» газеттерінде жарияланады. Жеңімпаздарға дипломдар мен бағалы сыйлықтар Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты іс-шарада табысталады.

Облыстық ішкі саясат басқармасы

жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарау керек екенін айтады.

МЕРГЕН

Сізді күтетін өзгерістің бәрі де өзіңізге байланысты болады. Дұрыс шешім мен үлкен жауапкершілік сізге сәттілік әкеледі. Ал, аяқсыз қалған жұмыстарды соңына жеткізгеніңіз дұрыс. Сізге қызметтік өсуді уәде береді. Басшылар тарапынан алғыс алып, деңгейіңіз жоғарыламақ. Алдыңыздан көптеген жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» қағидасы сізге қажет болады. Сондықтан да, әрбір қадамыңызды ойлап басқан абзал.

ТАУЕШПІКІ

Өмірге деген көзқарасыңыз өзгереді. Білім алуға деген құштарлығыңыз да артады. Алайда, жаңадан алған ақпараттардың кейбірі жалған болуы мүмкін. Ал, дінге жакын адам болсаңыз, сізді қызықтырған сұрақтарға жауап табыла қоймайды. Тауешпкілер тәжірибе жинауға жұмсайды. Түрлі семинарлар мен конференцияларға қатысу сізге оң нәтижесін бермек. Жұмысқа байланысты тиімді ұсыныстар аласыз.

СУҚҰЙҒЫШ

Өз өміріңізді өзгертуге байланысты шешім қабылдауда сізде ерекше күш-жігер пайда болады. Сізді көптеген жағымды жаңалықтар күтуде. Шешімі табылмай жүрген мәселелер оң шешімін табады. Денсаулығыңыз мазалап жүрсе, емделуге қолайлы уақыт. Жұмысыңызда сәтті қадамдар көп болмақ. Басшылық тарапынан тек мадақ сөздер естисіз. Мансабыңыз жоғарылап, әріптестеріңіздің үлкен қолдауына ие боласыз. Махаббатта жолы болғыш жансыз.

БАЛЫҚТАР

Қоғамдағы өзгерістермен санасуға тура келеді. Айналаңыздағы адамдармен қарым-қатынасты реттеніз. Жаңа достармен де танысасыз. Жұмысың өзіңізге жақсы көңіл күй сыйлайтын болады. Өйткені, жұмысыңызда жақсы жаңалықтар көп орын алады. Бастығыңыз сіздің кәсіби мүмкіндігіңізді байқап, мансабыңыз арта түспек. Сіз үнемі жүрек қалауымен жүретін жансыз. Егер басыңыз бос болса, екінші жартыңызды жолықтырасыз.

Меншік иесі
АҚПАРАТ.KZ

Бас редакторы:

Бибайша АЛПЫСБАЕВА

Редактордың орынбасары:

Думанай АБДУЛПАТТАЕВА

Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Газет «Ақпарат.kz» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы Ақмешіт мөлтек ауданы 11 үй, 35 пәтер, телефон: 22-28-71

Газеттің сапасына «PRINT» баспаханасы жауап береді.

Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Тел: 27-61-62

Тапсырыс № Таралымы: 2977 дана

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде 2006 жылдың 1 наурызында тіркеліп, тіркеу туралы №6963-Г куәлігі берілді

ТАРАЛУ АЙМАҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ